


Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 37-мәжілісі


Невшехир / Түркия

07/05/2010

МӘЖІЛІСКЕ ҚАТЫСҚАНДАРДЫҢ ТІЗІМІ



Профессор, доктор Осман Хората
Өкілетті Кеңес төрағасы, АКТТЖМ
Ататүрік Мәдениет орталығының
төрағасы




Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев
Өкілетті Кеңес төрағасы орынбасары,
Қ.Р. Білім және ғылым министрі



Профессор, доктор Мұстафа Исен
Өкілетті Кеңес мүшесі, Т.Р. Президент
аппаратының Бас хатшысы, Т.Р. Жоғары
Білім Кеңесінің мүшесі


Профессор, доктор Серік Жайлауұлы
Пірәлиев
Өкілетті Кеңес мүшесі, Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық университетінің
ректоры



Нажи Ағбал
Өкілетті Кеңес мүшесі, Т.Р. Қаржы
министрлігінің кеңесшісі, Т.Р. Жоғары
Білім Кеңесінің мүшесі



Аида Дәденқызы Құрманғалиева
Өкілетті Кеңес мүшесі, Қ.Р. Денсаулық
сақтау вице-министрі



Доктор Хакан Фидан
Өкілетті Кеңес мүшесі, Т.Р. Премьер-
министрінің кеңесші орынбасары



Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбеков
Өкілетті Кеңес мүшесі, Қ.Р. Қаржы
министрлігі Оңтүстік Қазақстан аумақтық
мемлекеттік мүлік және жекешелендіру
комитеті төрағасының орынбасары



Профессор, доктор Мұхитгин
Шимшек
Өкілетті Кеңес мүшесі, Т.Р. Жоғары
Білім Кеңесі Атқару кеңесінің мүшесі




Профессор, доктор Лесбек Ташимов
Өкілетті Кеңес мүшесі, Ахмет Ясауи
университетінің Президенті

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 37-мәжілісі
КҮН ТӘРТІБІ

Невшехир / Түркия

07/05/2010

1. Мәжілістің ашылуы және мәжілістің күн тәртібімен танысу,
2. Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан ұсынылатын жалпы мәлімет,
3. Университет президентінің университет туралы мәліметі,
4. 2010-2011 оқу жылында қабылданатын студент контингентін белгілеу,
5. 2010-2011 оқу жылында Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан білім мен біліктілік арттыру және магистратура мен докторантура бағдарламасы үшін қабылданатын шәкіртақы тағайындалған студент контингентін және мамандықтарын белгілеу,
6. Қолданыстағы регламенттерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсыныстарын талқылау:
 - 6.1. «ТҮРТЕП Өзін-өзі қаржыландыру регламентіне» өзгерістер енгізу,
 - 6.2. «Іс-сапар регламентіне» өзгерістер енгізу,
 - 6.3. «Өкілетті Кеңес Басқармасының қызметкерлері туралы» регламентке өзгерістер енгізу,
 - 6.4. «Тендер және мемлекеттік сатып алу регламентіне» өзгерістер енгізу,
 - 6.5. «Шетелдік студенттерді қабылдау регламентіне» өзгерістер енгізу,
 - 6.6. «Оқу процесін ұйымдастыру және емтихан регламентіне» өзгерістер енгізу,
 - 6.7. «Өкілетті Кеңес Басқармасының шәкіртақы тағайындау регламентіне» өзгерістер енгізу,
 - 6.8. «Жәрдемақы мен сыйақылар (марапаттау) туралы регламентке» өзгерістер енгізу,
 - 6.9. «Студенттердің тәртіп сақтау регламентіне» өзгерістер енгізу.
7. Ректорат қызметтері үшін миниавтобус сатып алу,
8. Әртүрлі мәселелер (ұсыныстар мен тілектер)



Handwritten signatures in blue ink, including a large signature on the left, a smaller one in the center, and several others on the right side of the page.

ШЕШІМДЕРІ

Университеттің Өкілетті Кеңесі төмендегідей шешімдер қабылдады:

Өкілетті Кеңестің 37-мәжілісінің шешімдері 8 баптан тұрады.

Мәжілістің ашылуы және мәжілістің күн тәртібімен танысу

1. Ахмет Ясауи университеті Өкілетті Кеңесінің 37-мәжілісі 2010 жылы 07 мамыр күні Өкілетті Кеңес төрағасы, профессор, доктор Осман Хората тарапынан ашық деп жарияланды. Күн тәртібімен таныстырылып, қабылданды; күн тәртібіндегі мәселелер ретімен талқыға салынуы туралы шешім қабылданды.

Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан ұсынылатын жалпы мәлімет

2. Өкілетті Кеңес төрағасы өткен мәжілістен бері Басқарма тарапынан атқарылған жұмыстар туралы Өкілетті Кеңеске мәлімет берді (**Қосымша 1**). Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан ұсынылған мәліметтер ректорат жұмыстарында назарға алынсын.

Университет президентінің университет туралы мәліметі

3. Университет президенті бұдан бұрын алынған Өкілетті Кеңес шешімдерінің жүзеге асырылуы, өткен мәжілістен бері университеттің дамуы және осыдан кейін жасалатын жұмыстар туралы мәлімет берді (**Қосымша 2**).

Ректор тарапынан берілген мәліметтің іске асырылуында қажетті қолдау көрсетіп, айрықша мүшелер тарапынан айтылған ұсыныстар бойынша келесі мәжіліске Ахмет Ясауи атындағы университетінің Қазақстандағы алда келе жатқан университеттерімен салыстырмалы түрде орнын анықтау есебі дайындалып, ұсынылсын.

2010-2011 оқу жылында қабылданатын студент контингентін белгілеу

4. 2010-2011 оқу жылында қабылданатын студент контингенті туралы университет ректоратының ұсынысы талқыланды:

4.1. Университет факультеттерінің мамандықтарына жоғары базалық білім үшін күндізгі бөліміне 1600 студент, сыртқы бөліміне 1000 студент қабылданын.

4.2. Университет мамандықтарына магистратура бағдарламасына 375 студент қабылданын, оның ішінде 30 орын Түркия Республикасы бюджетінен қаржыландырылсын, Түркия Республикасы бюджетінен қаржыландырылатын контингенттен 10 орын Түркия және түркі дүниесі студенттеріне бөлінсін.

4.3. Докторантура бағдарламасына 35 докторант қабылданын, оның ішінде 10 орын Түркия Республикасы бюджетінен қаржыландырылсын, қалғандарын Қазақстан Республикасы бюджетінен қаржыландырылуы сұранылсын. Оның ішінде 2 орын Түркия және түркі дүниесі докторанттарына бөлінсін.

Невшехир / Түркия

07/05/2010

ШЕШІМДЕРІ

4.4. 5.11.2009 жылы өткізілген Өкілетті Кеңестің 35-ші мәжілісінде белгіленген Түркі республикалар мен қауымдастықтардан дайындық, тіл үйрету орталығына қабылданатын тыңдаушылардың дайындық және университетте оқу мерзімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранты есебінен қаржыландырылсын.

2010-2011 оқу жылында Түркия Республикасы бюджеті есебінен қабылданатын тыңдаушылардың дайындық оқулары Түркия Республикасы тарапынан, университетте оқу мерзімі болса Қазақстан Республикасы грант есебінен қаржыландырылсын.

4.5. 2010-2011 оқу жылында Түркістандағы мамандықтарға бакалавриат бағдарламасына қабылданатын Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын 165 студент Түркия Республикасы бюджетінен қаржыландырылсын.

4.6. 2010-2011 оқу жылында Түркия Республикасы тарапынан қаржыландырылатын бакалавриат бағдарламасы үшін қабылданатын студент контингентінен 10 орын дінтану мамандығына, 8 орын түрік тілі және әдебиеті мамандығына, 32 орын жетім, спорт және өнерде табыстарға қол жеткізген студенттерге, қалғандары болса бірінші семестрдің соңында табысты болған студенттерге берілсін.

2010-2011 оқу жылында Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан білім мен біліктілік арттыру және магистратура мен докторантура бағдарламасы үшін қабылданатын шәкіртақы тағайындалған студент контингентін және мамандықтарын белгілеу

5. «Өкілетті Кеңес Басқармасы шәкіртақы тағайындау регламентінің» екінші бөлімімен реттелген және екі ел хаттамалары шеңберінде Түркия университеттерінде білім алатын кісілерге берілетін «магистратура мен докторантура/мамандық бойынша біліктілікті арттыру шәкіртақысын» 2010-2011 оқу жылында тағайындау контингенттері және мамандықтары төмендегідей қабылдансын; студенттердің таңдалуында қажетті ұқыптылық көрсетіліп, таңдалған студенттермен ректорат міндетті түрде қызмет келісімшартқа отырсын.

2010-2011 ОҚУ ЖЫЛЫ			
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕС БАСҚАРМАСЫНЫҢ ШӘКІРТАҚЫ КОНТИНГЕНТТЕРІ			
Тарих-педагогика факультеті бойынша:			
№	Мамандық атауы	Магистратура	Докторантура
1	Археология	1	0
2	Мұражайтану	1	0
3	Дінтану	0	2
	Барлығы	2	2
Медицина факультеті бойынша:			
№	Мамандық атауы	Біліктілік арттыру курсы (клиника үшін)	
		Түркістан	
1	Травмотология	2	
2	Окулист	2	
3	Нейрохирургия	2	

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 37-мәжілісі

Невшехир / Түркия

07/05/2010

ШЕШІМДЕРІ

4	Неврология	2	
5	Терапия	1	
6	Хирургия	1	
7	Неврохирургия	1	
8	Стоматология	1	
	Барлығы	12	
Ақпараттық технологиялар және инженерлік факультеті бойынша:			
№	Мамандық атауы	Магистратура	Докторантура
1	Процестерді компьютерлі-математикалық моделдеу және автоматтандыру	1	1
2	Ақпараттық жүйелер	1	1
	Барлығы	2	2
Экономика факультеті бойынша:			
№	Мамандық атауы	Магистратура	Докторантура
1	Туризм	1	1
2	Адам ресурстарын басқару	0	1
	Микроэкономика	0	1
	Қаржы	0	1
	Есеп және аудит	0	1
	Эконометрия	0	1
	Барлығы	1	6
Заң факультеті бойынша:			
№	Мамандық атауы	Магистратура	Докторантура
1	Халықаралық қатынастар	2	1
2	Халықаралық құқық (мемлекеттер құқығы)	0	1
	Барлығы	2	2
Филология факультеті бойынша:			
№	Мамандық атауы	Магистратура	Докторантура
1	Ағылшын тілі	1	0
2	Ағылшын әдебиеті	1	0
3	Журналистика	1	1
4	Түрік тілі	1	0
	Ескі әдебиет	0	1
	Барлығы	4	2
Инженерлік-педагогикалық факультеті бойынша:			
№	Мамандық атауы	Магистратура	Докторантура
1	Электрэнергетика	1	1
2	Экология	1	0
	Барлығы	2	1

Невшехир / Түркия

07/05/2010

ШЕШІМДЕРІ

Қолданыстағы регламенттерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсыныстарын талқылау

6. Бұл мәселе бойынша төмендегідей шешім қабылданды:

6.1. 2008 жылы 1-2 қарашада өткізілген Өкілетті Кеңес 33-ші мәжіліс шешімдерінің 4.3 бабымен қабылданған «ТҮРТЕП Өзін-өзі қаржыландыру регламентінің»

6.1.1. 7 (e) пункті төмендегідей өзгертілсін:

«e) 7(d) пункте белгіленген кейінгі жыл бюджетіне аударылатын сома кәсіпорынның жылдық шығыс бюджетінің 20%-нан аспайды. ТҮРТЕП-ке қалатын соманы 20%-дан 50%-ге дейін шығаруға Өкілетті Кеңес төрағасы құқылы. Осы мөлшерден асқан сома, Өкілетті Кеңес Басқармасының ағымдық және инвестициялық шығындары үшін қолдану мақсатында кейінгі жылдың қаңтар айында Өкілетті Кеңес Басқармасының бюджетіне кіріс ретінде тіркеледі».

6.1.2. 7 (f) пунктінде «өзін-өзі қаржыландыру капиталының үлесі» сөздері «өзін-өзі қаржыландыру капиталының таза үлесі» сөздерімен ауыстырылсын.

6.2. 2008 жылы 1-2 қарашада өткізілген Өкілетті Кеңес 33-мәжілісі шешімдерінің 4.5-бабымен қабылданған «Іс-сапар регламентінің» кейбір баптарына төмендегідей өзгерістер енгізу ұсыныстары талқыланды:

6.2.1. «Кеңес ақы» туралы 21-бап регламенттен шығарылсын.

6.2.2. 6, 7 және 12-баптардағы кестелерде үшінші жолдағы «кеңесші» қызметі «төраға кеңесшісі» болып өзгертілсін.

6.2.3. 6, 7, және 12 баптардағы кестелерде бесінші және алтыншы жолдардағы «бөлім бастығы» және «бөлім бастығының орынбасары» қызметтері кестеден шығарылсын.

6.3. 2008 жылы 1-2 қарашада өткізілген Өкілетті Кеңес 33-мәжілісі шешімдерінің 4.1-бабымен қабылданған «Өкілетті Кеңес Басқармасының қызметкерлері туралы» регламентінің 11(a) пунктіндегі коэффициент кестесіндегі «басқарма басшысы» және «басқарма басшысының орынбасары» қызметтері кестеден шығарылсын.

6.4. 2009 жылы 6-7 мамырда өткізілген Өкілетті Кеңес 34-мәжілісі шешімдерінің 8.1-бабымен қабылданған «Тендер және мемлекеттік сатып алу регламентінің» 26 (й) пунктінде «ұсынылған құнның Түркияда 3%-нан» сөздері «ұсынылған құнның Түркияда кем дегенде 2% мен 4% арасында» сөздерімен ауыстырылсын.

6.5. 2009 жылы 6-7 мамырда өткізілген Өкілетті Кеңес 34-мәжілісі шешімдерінің 8.6-бабымен қабылданған «Шетелдік студенттерді қабылдау регламентіне» кейбір өзгерістер енгізу ұсынысы талқыланды:

6.5.1. 1-бап төмендегідей өзгертілсін:

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 37-мәжілісі

Невшехир / Түркия

07/05/2010

ШЕШІМДЕРІ

«1-бап. Бұл регламенттің мақсаты – А.Ясауи университетінің факультеттері мен колледждеріне Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасынан өзге мемлекеттерден студент іріктеу және қабылдауға қатысты негіздерді ұйымдастыру болып табылады.»

6.5.2. 3-баптың бірінші параграфы төмендегідей өзгертілсін:

«3-бап. А.Ясауи университетіне қабылданатын шетелдік студенттер ұлтына, тіліне, дініне, жынысына қарамастан, университеттің факультеттерінде қалаған мамандықтары бойынша білім ала алады. Студенттерді қабылдау, Түркия Республикасының азаматы болып табылатын студенттер үшін, Түркия Республикасы «Студенттерді іріктеу және орналастыру орталығының» (ÖSYM) басқармасы тарапынан ұйымдастырылатын «Студент іріктеу және орналастыру емтиханы» арқылы қабылданады. Қазақстан Республикасы және Түркия Республикасынан өзге басқа мемлекеттерден университетке қабылданатын студенттер халықаралық дәрежеде мойындалған емтихан нәтижесіне, орта білімінің орташа үлгерім ұпайына сәйкес немесе Өкілетті Кеңес Басқармасы және ректорат тарапынан тағайындалатын комиссиялардың іріктеу емтиханы арқылы қабылданады.»

6.5.3. 4.3-бап төмендегідей өзгертілсін:

«4.3. Ректорат тарапынан тағайындалатын комиссиялар іріктеуді төмендегі негіздерге сүйене отырып жүзеге асырады.»

6.5.4.5-бап төмендегідей өзгертілсін:

«5-бап. Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан университетке қабылданған тыңдаушылар тізімі жыл сайын ең кеш дегенде тамыз айының екінші аптасының соңына дейін ректоратқа жіберіледі.»

6.6. 2009 жылы 6-7 мамырда өткізілген Өкілетті Кеңес 34-мәжілісі шешімдерінің 8.7-бабымен қабылданған «Оқу процесін ұйымдастыру және емтихан регламентінің» 21-бабының бірінші параграфы төмендегідей өзгертіліп, екінші параграф қосылсын:


«21-бап. Оқу жылының әр семестр соңында факультет деканаттары мамандықтар, курс, топ бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік білім грантының бос орындарын анықтайды. Үлгерімі жоғары Қазақстан Республикасы азаматтары болып табылатын студент қатарынан осы босаған орынға орналастыру ұсыныстарын оқу-әдістемелік және бақылау басқармасына тапсырады.»

Дәл осылай, тиісті жылдың әр семестр соңында факультет деканаттары мамандықтар, курс, топ бойынша Түркия, түркі республикалар мен туыстас қауымдастықтардан келген студенттерге Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан бөлінген Қазақстан Республикасы мемлекеттік білім грантының бос орындарын анықтайды. Ақылы негізде оқитын үлгерімі жоғары шетелдік студент қатарынан осы босаған орынға орналастыру ұсыныстарын оқу-әдістемелік және бақылау басқармасына тапсырады.»

6.7. 2008 жылы 1-2 қарашада өткізілген Өкілетті Кеңес 33-мәжілісі шешімдерінің 4.2-бабымен қабылданған «Өкілетті Кеңес Басқармасының шәкіртақы тағайындау регламентіне» өзгерістер енгізу ұсынысы талқыланды:

9

5/11



Невшехир / Түркия

07/05/2010

ШЕШІМДЕРІ

6.7.1. 1-және 2-бапта «Өкілетті Кеңес төрағасы» сөздерінен кейін «...немесе университет ректоры» сөздері қосылсын;

6.7.2. Екінші бөлімнің аты «Жоғары оқу орнынан кейін білім беру бағдарламасы, медицинада мамандану (интернаттура) және мамандық бойынша біліктілік арттырушы студенттерге/ізденушілерге тағайындалатын шәкіртақы» болып өзгертілсін;

6.7.3. 4-баптан төмендегі қысқартпалар шығарылсын:

ӨКБ-ӘҚІК : ӨКБ әкімшілік және қаржы істер координаторы,

ӨКБ-КБ : ӨКБ кадр бөлімі,

ӨКБ-СІМ : ӨКБ студент істерінің маманы,

ӨКБ-ӘМІМ : ӨКБ әлеуметтік және мәдени істер маманы.

6.7.4. 5-бап төмендегідей өзгертілсін:

«5-бап. ХҚТУ-іне білікті оқытушы мамандарды даярлау мақсатында, ХҚТУ-інде білім алуын үздік аяқтаған студенттер арасынан Түркияда білім алулары үшін ректорат тарапынан іріктелген және Өкілетті Кеңес Басқармасы жанында құрылған комиссия тарапынан бекітілген және Түркиядағы қажетті шарттарды орындаған қабілетті студенттерге жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу, интернаттура немесе мамандық бойынша біліктілік арттыру мерзімдері бойынша, Өкілетті Кеңес төрағасы немесе университет ректоры тарапынан қол қойылатын келісімшарт негізінде Өкілетті Кеңес Басқармасы бюджетінен «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, медицинада интернаттура және мамандық бойынша біліктілік арттырушы студенттерге/ізденушілерге шәкіртақы» тағайындалады.

Магистратура, докторантура, интернаттура немесе біліктілік арттыру шәкіртақылары, ең алдымен ХҚТУ ректораты мен Түркиядағы университеттер арасында қол қойылған ынтымақтастық хаттамалары шеңберінде жіберілген үміткерлерге тағайындалады. Медицинада интернаттура шәкіртақысы, Түркия Республикасы Медицина интернаттура қабылдау емтиханы (TUS) мен Түркияда медицина факультеттеріне қабылданған талапкерлерге беріледі. Үміткерлер, білім алуларын бастамай тұрып, университет ректоратымен міндетті қызмет атқару келісімшартына қол қоюлары қажет.

Осы мақсатта шәкіртақы тағайындалатын ізденушімен 1-қосымшадағы келісімшартқа қол қойылады. (қосымша 1)».

6.7.5. 7 (а)-бабы төмендегідей өзгертілсін:

«а) магистратура, интернаттура бағдарламасы бойынша білім алуға немесе мамандық бойынша біліктілік арттыруға үміткер ең соңғы оқуда үлгерімі бойынша 100 ұпайлық жүйеден 85 немесе одан да жоғары ұпай жинаған түлек болуы».

6.7.6. 7-бапқа төмендегі д) пункті қосылсын:

«д) Медицинада интернаттура үміткері, Т.Р. интернаттура білімі үшін қабылдау емтиханын табысты тапсырып, Түркиядағы медицина факультетіне қабылдануы қажет».

6.7.7. Регламенттен 10-бап толығымен шығарылсын.

«10-бап. ӨКБ-ӘҚІК-нің бақылауымен ӨКБ-СІМ, іріктеуден өткен студенттерді/ізденушілерді Түрік тілін үйрену орталығына тіркеуге қояды; тиісті студенттердің/ізденушілердің шақыру қағаздарын дайындайды және студенттік виза алу үшін қажетті іс-шараларды жүзеге асырады.

Іріктеуден өткен тұлғалар түрік тілін меңгеру және жетілдіру үшін; өтініш берген институтта оқуын бастау және сынақтарға дайындық жүргізу үшін Түркияға шақыртылады.

ШЕШІМДЕРІ

Тиісті институттардың ауызша және жазбаша сынақтарынан табысты өткен үміткерлер білім алуларын бастайды, ал тапсырылған сынақтардан екі рет қанағаттанарлықсыз ұпай алғандар Қазақстанға қайтарылады.

Шәкіртақы тағайындалған студенттердің/ізденушілердің уақытша тіркеуге алынуы; тұратын жер/пәтер қамтамасыз етілуі; білім алулары барысында оқу үлгерімінің бақылануы; қажет жағдайда диплом, диплом қосымшалары және төлқұжат аудармаларының жасалуы; тиісті құжаттарының реттелуі; университет ректораты мен институт арасындағы хат алысулардың жүргізілуі сияқты тб. мәселелер ӨКБ-ӨҚІК-нің бақылауында ӨКБ-СІМ тарапынан жүргізіледі».

6.7.8. 11-бап 10-бап болып өзгертілсін және соңына в) және г) пунктері қосылсын:

«в) Медицинада интернатура бойынша келген шәкіртақы тағайындалған ізденушіге, Т.Р. Медицина және стоматологияда интернатура регламентінде көрсетілген тиісті мамандығының оқу мерзімі бойынша шәкіртақы төленеді.

г) Мамандық бойынша біліктілік арттыру үшін келген шәкіртақы тағайындалған ізденушіге ең көп бір жыл шәкіртақы төленеді. Осы мерзім ректораттың ұсынысы мен Өкілетті Кеңес төрағасының бекітуімен ең көп дегенде тағы бір жылға, медицина салаларында біліктілік арттыру бойынша ең көп екі жылға ұзартылуы мүмкін».

6.7.9. 12-бап 11-бап болып өзгертілсін және а) пунктінің соңына «...оқуын тастаса немесе уақытында аяқтамаса» сөздері қосылсын және төмендегі г) пункті толығымен шығарылсын.

«г) Интернатура бағдарламасы үшін келген шәкіртақы тағайындалған ізденушілерге ең көп төрт жыл; біліктілікті арттыру үшін келген шәкіртақы тағайындалған ізденушілерге ең көп бір жыл мерзімге шәкіртақы төленеді. ӨКБ-СІМ тарапынан дайындалатын қызмет хат негізінде, білім алып жүрген клиникадағы тиісті мамандық дайындалатын сала/кафедра меңгерушісінен әр жылдың мамыр айында студентке/ізденушіге қатысты Оқу үлгерімі туралы есеп (2-қосымша) талап етіледі. Аталмыш оқу үлгерімі туралы есеп нәтижесі бойынша үлгерімі төмен/қанағаттанарсыз студентке/ізденушіге шәкіртақы берілуі тоқтатылады».

6.7.10. 13-бап 12-бап болып өзгертілсін және ә) пункті былай өзгертілсін:

«ә) білім алуға дайындық жүргізу кезеңі және ЖОО-нан кейінгі білім беру мерзімдері барысында: оқу жылының басында студенттік анықтама, әр семестр соңында үлгерімі туралы құжат және көшірме (транскрипт)»;

г) пункті былай өзгертілсін: «магистратура диплом жұмысын қорғау кезеңінде, әр семестр басында студенттік анықтамасын, докторантура диплом жұмысын қорғау кезеңінде болса бекітілген дипломдық жұмысты бақылау кеңесінің шешімін және әр семестр басында студенттік анықтамасын белгіленген мерзім ішінде ӨКБ-на тапсырулары тиіс. Құжаттарын тапсырмаған студенттерге шәкіртақы берілуі тоқтатылады. Тоқтатылған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде құжаттарын тапсырмаған студентке шәкіртақы берілуі Өкілетті Кеңес төрағасының бекітуімен толық тоқтатылады».

6.7.11. 14-бап 13-бап болып өзгертілсін және ә) пункті төмендегідей өзгертілсін:

«ә) ЖОО-нан кейінгі білім алуға, интернатура немесе мамандық бойынша біліктілікті арттыруға келген студенттерге/ізденушілерге төменде кестеде көрсетілген айлық шәкіртақы сомалары әр айдың алғашқы аптасында нақты түрде беріледі:

Handwritten signatures and initials at the bottom of the page, including a large signature on the left, several smaller ones in the middle, and the letters "HP" on the right.

ШЕШІМДЕРІ

Оқу бағдарлама түрі	Айлық шәкіртақы сомасы (ТЛ)
Магистратура	850,00
Докторантура	950,00
Интернатура	950,00
Мамандық бойынша біліктілік арттыру	950,00

в) пункті төмендегідей өзгертілсін:

«в) ЖОО-нан кейін білім беру бағдарламасы, интернатура бойынша шәкіртақы тағайындалған ізденушінің өзінің, жұбайы мен балаларының виза және уақытша тіркеуге алуға қатысты шығындары, жылына бір рет (шәкіртақы төленетін бір жылдық мерзімді аяқтау шартымен) еліне бару-қайту жол шығындары төленеді».

Осы баптың соңына төмендегідей г) пункті қосылсын:

«г) Мамандық бойынша біліктілікті арттыру үшін шәкіртақы тағайындалған ізденушінің уақытша тіркеуге алу шығындары мен елінен келу және еліне қайту жол шығындары төленеді. Оқу мерзімі ұзартылған жағдайда шәкіртақы төленетін жылдық мерзімді аяқтау шартымен жылына бір рет мемлекетіне барып-қайту шығындары төленеді».

6.7.12. 15-бап 14-бап болып және төмендегідей өзгертілсін:

«14-бап. Осы регламенттің 11 және 12 баптарында көрсетілген себептерге байланысты шәкіртақы төлемдері тоқтатылған ізденушілерден, ЖОО-нан кейін білім беру бағдарламасын, интернатура және мамандық бойынша біліктілікті арттыру бағдарламасын бітіргеннен соң келісімшарт талаптарына сәйкес міндетті қызметін орындамаған ізденушілерден, оларға қатысты берілген барлық шәкіртақылар, жоғарыда аталған келісімшарт талаптары негізінде және заңды пайыздары қоса шәкіртақы үшін жұмсалған қаражат Қазақстан Республикасының азаматтарынан ректорат тарапынан, басқа мемлекет азаматтарынан Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан өндіріліп алынады».

6.7.13. 16-бап 15-бап болып өзгертілсін және осы баптың бірінші параграфындан «... білім алу мерзімдері бойынша...» сөздері, екінші параграфтан «...ӨКБ-КБ тарапынан...» сөздері шығарылсын;

6.7.14. 19-бап 18-бап болып өзгертілсін, осы бапта «Өкілетті Кеңес Басқармасы тапсырған жұмыстарға қатыспаса немесе орындамаса» сөздерінен кейін «оқуын тастаса немесе уақытында аяқтамаса» сөздері қосылсын;

6.7.15. 20-бап 19-бап болып өзгертілсін және (а) пунктіндегі «түрік тілін үйрену курстары кезінде әр курс тоқсанында бағдарламаны табысты аяқтағаны туралы құжат» сөздері шығарылсын, (ә) пункті төмендегідей өзгертілсін:

а) білім алуға дайындық жүргізу кезеңі және ЖОО-нан кейінгі білім алу мерзімдері барысында: оқу жылының басында студенттік анықтама, әр семестр соңында үлгерімі туралы құжат (транскрипт);

(г) пункті төмендегідей өзгертілсін:

в) магистрлік диплом жұмысын қорғау кезеңінде, әр семестр басында студенттік анықтамасын, докторанттық диплом жұмысын қорғау кезеңінде болса бекітілген дипломдық жұмысты бақылау кеңесінің шешімін және әр семестр басында студенттік анықтамасын белгіленген мерзім ішінде тапсырулары тиіс. Құжаттарын тапсырмаған студенттерге шәкіртақы берілуі тоқтатылады. Тоқтатылған күннен бастап 1 ай мерзім

Невшехир / Түркия

07/05/2010

ШЕШІМДЕРІ

ішінде құжатарын тапсырмаған студентке шәкіртақы берілуі Өкілетті Кеңес төрағасының бекітуімен толық тоқтатылады».

6.7.16. Регламентке төмендегі бап қосылсын:

«ШӘКІРТАҚЫ ТӨЛЕУ МЕРЗІМІ

21-бап. Келісімшарт бойынша шәкіртақы тағайындалған студентке, ЖОО-нан кейін білім беру бағдарламасы мерзімінде университетке тіркеуге алынған күннен бастап институттың Ғылыми Кеңесі тарапынан берілген қосымша мерзімнің соңына дейін шәкіртақы төленеді. Бакалавриат бағдарламасы бойынша университетке тіркелген күннен бастап 4 жылдық мерзім бойынша шәкіртақы төленеді».

6.7.17. 22-баптың үшінші параграфындан «ӨКБ-КБ тарапынан» сөздері шығарылсын;

6.7.18. 23-бапта бірінші параграфтан «ӨКБ-ӘМІМ тарапынан» сөздері шығарылсын және төмендегідей өзгертілсін:

«23-бап. Осы шәкіртақы, қажетті алаңдарда Ясауи өнер тобының мүшесі ретінде өнер көрсету үшін Өкілетті Кеңес Басқармасына берілген өтініштердің Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан мақұлдануымен тағайындалады».

6.7.19. 25-бапта «...Өкілетті Кеңес Басқармасы тапсырған жұмыстарға қатыспаса немесе орындамаса» сөздерінен кейін «оқуын тастаса» сөздері қосылсын.

6.7.20. 26-бап төмендегідей өзгертілсін:

«Шәкіртақы берілуінің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін шәкіртақы тағайындалған студент/ізденуші әр семестр соңында студенттік анықтамасын ӨКБ-на тапсыруы тиіс. Бұл шәкіртақы студенттің/ізденушінің мәдениет және өнер саласында атқарылған іс-шараларға қатысқан мерзім бойынша беріледі».

6.7.21. 30-баптың (а) пунктінде «10 ай бойы (қыркүйек-маусым) 35 АҚШ доллары көлемінде» деп жазылған, 2010-2011 оқу жылынан бастап «50 АҚШ доллары көлемінде» болып өзгертілсін.


6.7.22. Регламенттің 1-қосымшасындағы келісім-шарттың аты «Жоғары оқу орнынан кейін білім алу, интернатура және мамандық біліктілігін арттыру үшін қабылданған студент/ізденушілерге тағайындалған шәкіртақы келісім-шарты (1-тип)» болып өзгертілсін;

6.7.23. Регламенттің 1-қосымшасындағы 1-тип келісім-шартында 3(в) пункті төмендегідей өзгертілсін:

«в) ЖОО-нан кейінгі білім беру бағдарламасы, интернатура үшін келген шәкіртақы тағайындалған студентке/ізденушіге және жанұя мүшелеріне уақытша тіркеуге алу шығындары мен жылына бір рет туған еліне барып-қайту жол шығындарын, мамандық біліктілігін арттыру үшін келген шәкіртақы тағайындалған ізденушінің уақытша тіркеуге алу шығындары мен елінен келу және еліне қайту жол шығындары өтеуге».

6.7.24. Регламенттің 1-қосымшасындағы 1-тип келісім-шартында 4(ә) пунктіннің соңына «(Бұл бап ЖОО-нан кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша шәкіртақы тағайындалған студент/ізденушілерді қамтиды)» сөздері қосылсын.

6.8. 18.05.2005 жылы өткізілген Өкілетті Кеңес 24-мәжілісі шешімдерінің 6.1-бабымен қабылданған «Жәрдемақы мен сыйақылар (марапаттау) туралы регламентке» төмендегідей бап қосылсын:



Невшехир / Түркия

07/05/2010

ШЕШІМДЕРІ

«Жариялауды ынталандыру сыйақысы

13-бап. Ахмет Ясауи атындағы университетте жұмыс атқаратын барлық оқытушы-профессорларға халықаралық SCI (Science Citation Index), SSCI (Social Sciences Citation Index) және A&HCI (Art&Humanities Citation Index) санатындағы журналдарда жариялаған әрбір ғылыми мақаласы үшін (таныту, тезис, редакторға хат ж.с.с. тыс) 500 АҚШ доллары көлемінде ынталандыру сыйақысы төленеді. ТУБИТАК ынталандыру құрамындағы журналдар үшін бұл сыйақы төленбейді.

Мақала авторы, Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті және тікелей өзі жұмыс істейтін құрылымдық бірлік атауын көрсетуге және мақаланың жариялануы кезеңінде Ахмет Ясауи атындағы университетте қызмет атқаруы міндетті. Мақала авторлары ретінде бірнеше автор көрсетілген жағдайларда, ынталандыру сыйақысы тек университеттің қызметкерлеріне және белгіленген мөлшердің тиісті пайыздық бөлігі ғана төленеді. Ынталандыру сыйақысы үшін мақаланың жариялануы мен патенттің алынуынан кейін 6 ай ішінде өтініш білдіру керек».

6.9. 19.05.1996 жылы өткізілген Өкілетті Кеңес 5-мәжілісі шешімдерінің 6-бабымен қабылданған «Студенттердің тәртіп сақтау регламенті» 3-қосымшадағыдай өзгертіліп, қабылдансын.

Ректорат қызметтері үшін миниавтобус сатып алу

7. Университет қызметкерлері мен студенттерін және университетке конгресс, симпозиум сияқты ғылыми шараларға байланысты келген қонақтарды Түркістан және аймағы саяхаттарында қолдану мақсатында бір миниавтобус Түркия Республикасы бюджеті есебінен сатып алынсын. Миниавтобус Қазақстаннан алынған жағдайда, қосымша салық құны Қазақстан бюджетінен төленсін.

Әртүрлі мәселелер (ұсыныстар мен тілектер)

8.1. Жасалған кездесулерге қарамастан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өкілді кісілері Түркия Республикасының қайырымдылық ретінде берген көмектерге салық салудан бас тартпағаны Келісімді ратификациялау үдерісінде анықталды.

Сондықтан Түркия Республикасы Қаржы министрлігінің ой-пікіріне сәйкес келесі жыл бюджетінің белгіленуі барысында салықтан босату жөнінде өзгеріс болмаған жағдайда ең алдымен әлеуметтік жәрдем төлемдерінің қысқартылуы мәселесі қарастырылатынын, айрықша инвестиция төлемдерінің бекітілуінде Түркия Республикасы Қаржы министрлігінде проблема шығуы, қосымша құн салығы Қазақстан мемлекеті тарапынан төленуі талап етілуі мүмкін екендігі айтылды.

8.2. Жоғарыдағы мәселелерді назарға ала отырып, университетті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұрынғыдай салықтан босатылған мекемелер тізіміне қосу мәселесінде Қазақстан тарапы Өкілетті Кеңес мүшелерінің қолдау көрсетулері сұралды.

8.3. Университеттің Шымкент медициналық орталығының жағдайын жақсарту жұмыстарының бастатылуы жөн көрілді.


Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 37-мәжілісі

Невшехир / Түркия

07/05/2010

ШЕШІМДЕРІ

Өкілетті Кеңестің 37-мәжілісінің шешімдері 8 баптан тұрады.



Профессор, доктор Осман Хората
Өкілетті Кеңес төрағасы, АКТТЖМ
Ататүрік Мәдениет орталығының
төрағасы



Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев
Өкілетті Кеңес төрағасы орынбасары,
Қ.Р. Білім және ғылым министрі



Профессор, доктор Мұстафа Исен
Өкілетті Кеңес мүшесі, Т.Р. Президент
аппаратының Бас хатшысы, Т.Р. Жоғары
Білім Кеңесінің мүшесі

**Профессор, доктор Серік Жайлауұлы
Пірәлиев**
Өкілетті Кеңес мүшесі, Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық университетінің
ректоры



Нажи Ағбал
Өкілетті Кеңес мүшесі, Т.Р. Қаржы
министрлігінің кеңесшісі, Т.Р. Жоғары
Білім Кеңесінің мүшесі

Аида Дәденқызы Құрманғалиева
Өкілетті Кеңес мүшесі, Қ.Р. Денсаулық
сақтау вице-министрі



Доктор Хакан Фидан
Өкілетті Кеңес мүшесі, Т.Р. Премьер-
министрінің кеңесші орынбасары



Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбеков
Өкілетті Кеңес мүшесі, Қ.Р. Қаржы
министрлігі Оңтүстік Қазақстан аумақтық
мемлекеттік мүлік және жекешелендіру
комитеті төрағасының орынбасары



Профессор, доктор Мұхиттин Шимшек
Өкілетті Кеңес мүшесі, Т.Р. Жоғары
Білім Кеңесі Атқару кеңесінің мүшесі



Профессор, доктор Лесбек Ташимов
Өкілетті Кеңес мүшесі, Ахмет Ясауи
университетінің Президенті

Өкілетті Кеңестің 37-мәжілісі
07.05.2010, Невшехир/ТҮРКИЯ

Өкілетті Кеңес төрағасы
құрметті профессор, доктор Осман Хоратаның
жалпы мәліметі

Қадірлі қонақтар,

Ең алдымен мәжілісімізге қатысып, бізді құрметке бөлегендеріңіз үшін алғысымды білдіремін. Өткен 2009 жылдың 5-қарашасында өткізілген Өкілетті Кеңестің 35-мәжілісінен осы күнге дейін, университетімізге байланысты Келісімнен туған ерекше көңіл-күймен және тебіреніспен басшылық сатысындағы азаматтар ретінде уақытты ұтымды әрі тиімді пайдалануға тырыстық.

Мамыр айының соңғы аптасында клиника және ректорат ғимараттарының ресми ашылуы мен жаңа оқу, жатақхана және кітапхана ғимараттарының іргетасын қалау мақсатында екі мемлекет басшыларының университетімізді зиярат етіп, абыройымызды арттыруы 2010 жылдың университетіміз үшін тарихи бір жыл болып қалуына себеп болып отыр.

Әрдайым жасағанымыздай, соңғы өткен Өкілетті Кеңес мәжілісінен кейін жасалған іс-шаралар туралы мәлімет беріп, осы жерде еске салуға тиістілерін Сіздермен бөлісуге тырысамын.


Бірінші кезектегі жақсы бір жаңалығым, 2010 жылы 24 сәуірде қызмет мерзімі біткен қадірлі профессор, доктор Мұстафа Исен Түркия Республикасы Үкіметі тарапынан қайтадан осы қызметіне тағайындалды. Университетімізге зор еңбегі сіңген қадірлі Исен мырзаға жаңа қызметінде де амандық және табысты жұмыстар тілейміз. Мүшелеріміздің бірі Хакан Фидан да Түркияның ең маңызды құрылымының біріне төрағалыққа тағайындалды. Қадірлі Хакан Фидан мырзаны да құттықтап, сәттіліктерінің жалғасын тілеймін.

Келесі кезектегі Сіздермен бөлісетін дамуларымыз төмендегідей:

- Жаңадан қол қойылған ынтымақтастық туралы Келісім аясында, Келісімге байланысты құқықтық үдеріс біткеннен кейін қолданысқа енуіне орай жаңа Жарғы дайындалып, Өкілетті Кеңестің 36-мәжілісінің шешімдерімен бірге мүшелердің мақұлдауына ұсынылды.
- Университетіміздің Медицина факультеті клиникасының бас дәрігері қызметіне доктор Мехмет Али Уғурлу (01.01.2010 жылы қызметіне кірісті); университет вице-президенті қызметіне Ерджиес

университетінің көмекші доценті, доктор Илхами Вурал (15.01.2010 жылы қызметіне кірісті) тағайындалды.

- 2010 жылдың инвестициялық жобалары шеңберінде және құрылысын Басқарма өз жауапкершілігіне алған Орталық кітапхана үшін жоба тендері өткізілді және құрылыс үшін қажетті тендер жұмыстары басталды (1-сурет).
- Алматыда құрылуы туралы шешім қабылданған Еуразия ғылыми-зерттеу институтының жөндеу жұмыстарының жобасы тәмамдалып, тендер жұмыстары басталды (2-сурет).
- ТҮРТЕП Ұзақтан Білім Беру қызметі бойынша Анкарадағы Өкілетті Кеңес Басқармасы ғимаратында жаңа ұсыну жүйелерінің құрылымы іске қосылды; ТҮРТЕП оқу-білім жүйесінің жаңа (LMS) нұсқасы сатып алынды.
- Өкілетті Кеңес Басқармасы құрылымындағы компьютерлер үшін үзіліссіз күш көзі (ups) жүйесі құрылды және 70 KW қуатындағы генератор құрылымы аяқталды.
- Университетіміздің web-бетінің ағылшын тіліндегі нұсқасы жасалынып, қолданысқа енгізілді.
- Университет туралы түрік, қазақ және ағылшын тілдерінде «Таныту кітапшасы» дайындалды.
- Университет туралы 13 минуттық таныту фильмі әзірленіп, қазақ және ағылшын тілдеріндегі нұсқалар да қолданысқа әзір күйге келтірілді.
- Университетке байланысты әр жылғыдай танытушы сипаттағы құрал-жабдықтар әзірленіп, қаңтар айында тиісті тұлғаларға, құрылымдар мен мекемелерге таратылды.
- *Bilig* журналының 52- және 53-сандары, *Ayhaber* журналының 38-саны жарияланды.
- Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан жоғары білім, жоғары білімнен кейінгі білім және біліктілікті арттыру мақсатында Анкарада білім алып жүрген қазақ студенттерге және Ясауи өнер тобының мүшелеріне конференциялар топтамасы бастатылды. Бұл топтама аясында Қазақстан Республикасының Түркиядағы Елшісі Бағдат Әмреев «Қазақстан-Түркия қарым-қатынастары» атты (2010 жылы 18 ақпан күні) конференция өткізді (3-сурет).
- Түркияның танымал өнер адамдарының бірі Бахтияр Хыра курс беру мақсатында ақпан айында Түркістанға жіберілді.
- Ыстамбұл Бағжылар әкімшілігі тарапынан 2010 жылы 20-21 ақпан аралығында ұйымдастырылған «Халықаралық Қожа Ахмет Ясауи симпозиумына» Өкілетті Кеңес Басқармасы ретінде қажетті қолдау көрсетілді және Ясауи өнер тобының концерттік бағдарламамен қатысуы қамтамасыз етілді.
- Ахмет Ясауи симпозиумы себебімен мемлекетімізге келген университет ректорымызбен бірге Ажыбадем ауруханасының жұмыстарымен танысу мақсатында зиярат жасалынды және басшылығымен кездесілді.



- Университетіміз бен Байындыр ауруханасы арасында медициналық қызмет көрсету туралы ынтымақтастық хаттамасына 2010 жылдың 9-наурызында Өкілетті Кеңес Басқармасында ұйымдастырылған салтанатты рәсімде қол қойылды (4-сурет).
- Университетіміздің «Түркі дүниесі халық билері» тобы, Ататүрік Мәдениет орталығымен бірлесе отырып Наурыз іс-шаралары шеңберінде концерттік бағдарламамен қатысу мақсатында 2010 жылдың 16-наурызында Түркияға келді. Шамамен 50 кісіден құралған топ, Кайсери, Сивас және Анкарада ұйымдастырылған Наурыз мерейтойларына қатысты және зор қошеметке бөленді (5-сурет).
- Университетіміздің түрлі факультеттерінде магистратурада оқып жатқан 9 студент, Гази университетінде бір апталық тәжірибе арттыру курсына қатысты (27.03.2010 ж.).
- 2010 жылдың 2-3 сәуірінде Өкілетті Кеңес Басқармасының қолдауымен Бишкек қаласында университетіміз және Манас университеті тарапынан «Жаһандық қаржы дағдарысы» атты конференция ұйымдастырылды.
- Еліміздің белгілі өнер адамдарының бірі Уғур Ышылақ, жанындағы екі өнер адамымен бірге Түркістанда концерт берді. (15-19 сәуір 2010 ж.) (6-сурет).
- Өкілетті Кеңес Басқармасындағы Ясауи өнер тобы университетіміздің танылуына үлес қосу мақсатында түрлі ресми құрылымдар мен мекемелердің түрлі жиналыс, еске алу т.б. шараларына қатысты (7-сурет).

Құрметті мүшелер,

Бұлардан тыс, Билежик университетімен бауырлас университет хаттамасы, Ақдениз университетімен ынтымақтастық хаттамасына қол қоюға дайындық жұмыстары жақында бітеді.

Көріп отырғандарыңыздай, университеттің басқару жауапкершілігі өзімізге жүктеген басшылар ретінде, университетімізге және қазақ-түрік достығына қызмет ету жолындағы бұл жылдамдықты күн сайын арттыра отырып, артта қалған жылдардағы жоғалтып алған уақыттың орнын толтыруға аянбай тырысудамыз.

Бұл мәселеде үнемі болғанындай, Сіздердің, құрметті мүшелеріміздің назары мен қолдауы біз үшін өте маңызды және ең үлкен қолдау екенін білдіре отырып, күн тәртібіндегі мәселелерді мақұлдауыңызға ұсынамын.



**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

***АТҚАРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ЕСЕБІ
07.05.2010***

Проф., док. Лесбек Ташимов
Университет президенті

Невшехир, 2010



1. Жалпы мәлімет
 - а. Оқу орны туралы
 - ә. Студенттер туралы
 - б. Оқытушы-профессорлар және қызметкерлер туралы
 - в. Кірістер және шығыстар туралы
2. Оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша
3. Ғылым саласы бойынша
4. Мәдениет және спорт саласы бойынша
5. Кітапхана бойынша мәлімет
6. Кадрлар әлеуетін талдау
7. Әлеуметтік, шаруашылық және өндірістік қызметі саласы бойынша
8. Компьютер орталығы бөлімінде жасалған жұмыстар
9. Стратегиялық жоспар туралы

1. Жалпы мәлімет

а. Оқу орны туралы

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, 2009-2010 оқу жылында бакалавриат бағдарламасы бойынша 64 мамандықтан, магистратура бағдарламасы бойынша 24 мамандықтан, докторантура бағдарламасы бойынша (Ph.D.) 3 мамандықтан мамандар дайындалады.

Халықаралық стандарт талаптарына сәйкес, оқу орнымыз, негізінен, білім берудің кредиттік жүйесіне көшкен.

Университетте оқыту қазақ, түрік, орыс, ағылшын тілдерінде, ал іс-құжаттар айналымы, ресми шаралар Өкілетті Кеңес шешіміне сай қазақ және түрік тілдерінде жүргізіледі.

Оқу орнымыздың Анкара-Стамбулда, Шымкент және Тараз қалаларында орналасқан үш институты, арнайы мамандандыру орталығы, 3 ғылыми-зерттеу институты мен кәсіби колледжі, дайындық бөлімі мен тіл үйрету орталығы бар.

Университетіміздің 16 профессор-оқытушысы 2009 жылы Республика бойынша жылда тағайындалатын «Үздік оқытушы» конкурсында жеңімпаз атанды.


Университетте экономика, педагогика және медицина салалары бойынша алты мамандықтан үш докторлық диссертациялық кеңес жұмыс істейді.

Университет 03.08.2001 жылы мемлекеттік аккредитациядан өткен (куәлік сериясы АА № 00000029), қазір университет басшылығы, тиісті факультеттер мен кафедралар 8 мамандық бойынша халықаралық аккредитациядан өту бағытында жоспарлы іс-шаралар атқарып жатыр.

Университетте 2006 жылдан ИСО 9000:2000 халықаралық сапа стандарты қолданысқа енгізілген. 2009 жылғы қазан айының соңында ИСО 9001:2008 халықаралық сапа стандарты сыртқы аудиттен өтіп, арнайы сертификат алдық.

Университет кітапханасының кітап қоры 1,2 млн.-нан астам. Студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне көмектесетін электронды оқулықтар залдары, интернет кластары жұмыс істейді.

Университет құрамында қазіргі заман талаптарына сәйкес жабдықталған 106 орындық медициналық клиника ашылып, жұмыс істеп жатыр. ХҚТУ клиникасы ғимаратының ауданы – 13 000 м².



Оқу ғимараттарының жалпы ауданы 119 695 ш.м. құрайды. Ашық және жабық спорт залдары мен алаңдарының ауданы 11 000 ш.м.-ге жетеді.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың және Түркия Республикасы Президенті Адуллаһ Гүлдің қатысуымен 2009 жылдың қазан айында Анкара қаласында Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне қатысты екі ел арасындағы келісімге қол қойылды.

ә. Студенттер туралы

Университетте, бүгін, әлемнің 14 мемлекетінен келген 20.916 жастар білім алуда. Оның ішінде, дайындық курсы қосқанда 10.502 студент күндізгі бөлімде, 8.132 студент сыртқы бөлімде, 2.276 студент қашықтықтан оқыту жүйесі негізінде білім алуда.

Төменде көрсетілген кестелер мен суреттерден байқалып отырғандай, 2009-2010 оқу жылын бұрынғы жылдармен салыстырғанда студент контингенті 13,7% азайған. Бұл жағдай, бір жағынан Шымкент және Тараз институттарына студент қабылданбауы, келесі бір себеп сырттай оқыту бағдарламаларына студенттердің аз мөлшерде қабылдануынан туындаған. Негізінен, бұл өзгерістер Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің және университет Өкілетті кеңесінің алған шешімдеріне сәйкес келеді.

1-ші кесте. Жылдар бойынша студент контингентінің мемлекеттерге қарай таралымы


Елдер	2007-2008	2008-2009	2009-2010
Қазақстан (Күндізгі бөлім)	14.060	10.044	8.849
Қазақстан (Сыртқы бөлім)	12.265	10.288	8.138
Түркия	358	422	568
Түркия (Қашықтықтан білім беру-ТҮРТЕП)	2.353	2.186	2.276
Түркі тілдес елдер мен қауымдастықтар	1.028	1.294	1.085
Барлығы	30.064	24.234	20.916

Түркістан қаласында жатақханаларға орналастыру көрсеткішінің төмендігі мен жалға пәтер алу мүмкіншіліктерінің аз болуы Қазақстаннан тыс мемлекеттерден келген студенттердің білім алу шығындарын қаржыландыру көздерінің кемшілігіне байланысты, Өкілетті Кеңес тарапынан Түркия және түркі тілдес республикалар мен туыстас қауымдастықтарға аз мөлшерде контингент беріп келеді. Осыған байланысты, студенттердің айтарлықтай көп бөлігі Қазақстандық азаматтардан құралуда.


Соңғы үш жыл көлемінде қабылданған шешімдер арқасында басқа мемлекеттерден келетін студент саны 8,5% - дан 18,8% - ға көбейген. Бұл әрине қуантарлық жағдай. Жаңа студент жатақханасы салынғаннан кейін жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер одан да жоғары болады деп есептейміз.

Даму көрсеткішін салыстыру үшін Қазақстандық және басқа мемлекеттерден келген студенттер бойынша келесі суреттерде көрсетілген.

1-ші сурет. Жылдар бойынша студент контингентінің мемлекеттерге қарай таралымы



2-ші сурет. Жылдар бойынша студент контингентінің мемлекеттерге қарай таралымы



Келесі кестеде, студенттердің оқитын қалаларына қарай бөлінген кездегі сандық көрсеткіштері көрсетілген.

(Handwritten signature)

2-ші кесте. Студенттердің оқитын қалаларына қарай бөлінген кездегі сандық көрсеткіштері

(2009-2010)	Түркістан	Кентау	Шымкент Медицина	Шымкент	Тараз	Барлығы
Дайындық	196	196	0	0	0	392
Күндізгі бөлім	5.280	0	1.654	1.988	1.188	10.110
Сыртқы бөлім	4.577	0	0	2.203	1358	8.138
Қашықтықтан білім беру- ТҮРТЕП	2.276	0	0	0	0	2.276
Барлығы	12.329	196	1.654	4.191	2.546	20.916

Кентау институты бойынша студент санының азайғандығы көрініп тұр. Өйткені бұл жердегі студенттер Қазақстан Білім және Ғылым министрлігінің шешіміне сәйкес Түркістандағы университетке байланыстырылған. Сондай-ақ, Кентау қаласының Түркістанға жақын болғандығы үшін ол жердегі оқу базасы мен жатақханалары білім беру қызметінде пайдаланылуда.


3-ші кесте. Жылдар бойынша студенттердің оқитын қалаларына қарай бөлінген кездегі сандық көрсеткіштері

	Түркістан	Кентау	Шымкент Медицина	Шымкент	Тараз	Барлығы
2008-2009	7.758	4.979	389	6.513	4.595	24.234
2009-2010	12.329	196	1.654	4.191	2.546	20.916

Жоғарыдағы көрсеткішті негізге ала отырып, Шымкент және Тараз институтында студент санының азайғандығы байқалады. Қазақстан Үкіметі және Үкімет аралық Өкілетті Кеңес шешімімен Шымкент қаласындағы оқу-клиникалық базасына ОҚМА-нан 1304 студент ауысуына байланысты бұл жердегі студент санының көбейгендігі көрініп тұр.

Студенттердің саны жағынан өзгергендігі туралы төмендегі статистикада анық берілген

3-ші сурет. Жылдар бойынша студенттердің оқитын қалаларына қарай бөлінген кездегі сандық көрсеткіштері




Оқу ақысы шығындары бюджетін салыстырғанда студент статистикасы туралы мәлімет өзгерістері төменде көрсетілген кестеден байқалады.

4-ші кесте. Жылдар бойынша студенттердің оқу-ақысын қаржыландырылуына қарай бөлінген кездегі сандық көрсеткіштері

	2008-2009	2009-2010
Грант	2.955	3.784
Ақылы (коммерциялық)	18.931	15.287
Түркия квотасы	1.477	931
Қазақстан квотасы	871	914

Handwritten signature and initials in blue ink.

4-ші сурет. Жылдар бойынша студенттердің оқу-ақысын қаржыландырылуына қарай бөлінген кездегі сандық көрсеткіштері



Дәл қазіргі мәліметтер бойынша, күндізгі бөлім студенттерінің 4245-і, сыртқы бөлім студенттерінің 218-і Қазақстан грантында стипендиямен және Қазақстан квотасы контингенттерінде білім алуда. Қазақстанның білім беру шығындарын қаржыландыру жөніндегі көмегі барған сайын артумен бірге, ақылы білім алып жүрген студент саны мен Түркия тарапынан берілген квота Өкілетті кеңес шешімімен жыл сайын азаюда.

Жоғарыда айтылғандарға қосымша ретінде университетіміздің құрамында жалпы 255 магистрант білім алуда, мұның ішінде 121-і грант иегері, 4 талапкер PhD бағдарламасының грантында білім алуда.

Бұдан басқа стипендия және оқу шығындары Өкілетті кеңес басқармасы тарапынан қаржыландырылуымен университетіміздің 5 оқытушысы Түркия университеттерінде магистратура, ал 5 оқытушы болса докторантурада білім алуда.

6. Оқытушы-профессорлар және қызметкерлер туралы

Университет ұжымының жалпы саны – 3152 адам, оның ішінде ОПҚ саны – 1608, әкімшілік-шаруашылық қызметкерлері – 1090, оқу-көмекші қызметкерлер саны – 454. Аталған қызметкерлер туралы көрсеткіштер келесі кестеде нақты көрсетілген

(Handwritten signatures)

5-ші кесте. Жалпы бөлімдерде жұмыс істейтін адам саны

(2009-2010)	Түркістан	Кентау	Шымкент	Шымкент Медицина	Тараз	Алматы	Барлығы
Оқытушы-профессорлар	881	27	290	261	149	0	1.608
Әкімшілік-шаруашылық	650	103	164	62	96	15	1.090
Басқа да қызметкерлер	134	10	225	58	27	0	454
Барлығы	1.665	140	679	381	272	0	3.152

6-шы кесте. Жалпы бөлімдерде жұмыс істейтін ОПК-ның саны

(2009-2010)	Түркістан	Кентау	Шымкент	Шымкент Медицина	Тараз	Алматы	Барлығы
Профессор	59	0	20	14	6	0	99
Доцент	109	2	81	24	18	0	234
Аға оқытушы	231	15	109	174	87	0	616
Оқытушы	482	10	80	49	38	0	659
Барлығы	881	27	290	261	149	0	1.608

Университеттегі профессор-оқытушылар құрамының 99 ғылым докторлары мен профессорлар, 508 ғылым кандидаттары мен доценттер. Оқу орынымызда 48 шетелдік оқытушы-профессорлар мен жоғары дәрежелі мамандар еңбек етуде.

Оқытушы-профессорлар және қызметкерлер саны жылдар бойынша салыстырмалы түрде келесі кестелерде көрсетілген.

7-ші кесте. Жылдар бойынша жұмыс істейтін адам саны

	2008-2009	2009-2010
Оқытушы-профессорлар	1.795	1.608
Әкімшілік-шаруашылық	1.086	1.090
Басқа да қызметкерлер	463	454
Барлығы	3.344	3.152



8-ші кесте. Жылдар бойынша жұмыс істейтін ОПК-ның саны

	2008-2009	2009-2010
Профессор	110	99
Доцент	388	234
Аға оқытушы	605	616
Оқытушы	692	659
Барлығы	1.795	1.608

Жалпылай алғанымызда қызметкерлер саны өткен жылдарға қарағанда % 5,8 пайызға төмендеген. Бұл кему студент санының азаюына байланысты болып, академиялық бірліктерге және басқа да қызмет бірліктеріне әсерін тигізген.

ҚР бюджеті есебінен құрылысы жүргізілген ғимараттың қолданысқа алынып, оған қызметкерлер алынуы жалпы әкімшілік басқару қызметкерлер статистикасына әсерін тигізбеген.

в. Кірістер және шығыстар туралы

Университеттің кірістерін, Түркия Республикасы мен Қазақстан Республикасынан аударылатын төлемдер, ақылы негізде оқитын студенттердің төлемақылары, сондай-ақ коммерциялық және басқа да кірістер құрайды.

Университетке аударылған (түскен) кірістердің 2008 жылғы және өткен жылдардағы салыстырмалы көрсеткіштері АҚШ долларымен келесі кестеде көрсетілген.

9-ші кесте. Жылдар бойынша университеттің кірістері (1.000 АҚШ \$)

Кіріс түрлері	2008	2009
ТР бюджетінен аударылған ағымдық төлемдер	9.145,3	7.180,3
ТР бюджетінен аударылған инвестициялық төлемдер	7.136,8	2.654,9
Студент кірістері (ТР)	2.064,4	4.127,3
ҚР бюджетінен аударылған ағымдық төлемдер	9.265,7	10.707,7
ҚР бюджетінен аударылған инвестициялық төлемдер	1.729,2	3.702,7
Студент кірістері (ҚР)	13.740,9	11.240,9
Барлығы	43.094,0	39.613,8

Жоғарыдағы кестеден Қазақстан Республикасы тарапынан ағымдағы төлемнің жүйемен артуы, ал басқа кірістерде болса болымды қимыл болмай жатқандығын көрсетеді. Бұл жағдай көрсетілген бөлімдерге қарай отырып университеттің жалпы кірісінің азаюынан да көрінеді.

Жылдар бойынша университеттің жұмсаған шығыстары АҚШ долларымен есептеліп, келесі кестеде көрсетілген.

10-ші кесте. Жылдар бойынша университеттің шығыстары (АҚШ \$)

	2008	2009
Қазақстан бухгалтериясы тарапынан есептелген шығыстар	31.379.419	29.155.872
Түркістан бөлімінің шығыстары	19.834.747	20.130.888
Түркістан бөлімі	18.139.815	16.438.053
Университет қалашығының құрылысы (ҚР)	1.694.932	3.692.835
Ректоратқа қарасты басқа бөлімдердің шығыстары	11.544.672	9.024.984
Шымкент институты	6.685.064	4.665.334
Кентау институты	1.054.085	958.336
Тараз институты	3.002.004	2.082.820
Алматы институты	180.069	127.934
Шымкент медицина факультеті	546.886	1.077.660
Ректораттың Анкарадағы өкілдігінің шығыстары	76.564	112.900
Түркия бухгалтериясы тарапынан есептелген	15.258.882	12.837.675
Өкілетті Кеңес Басқармасы	1.773.290	1.552.154
Қашықтықтан білім беру-ТҮРТЕП	1.948.600	4.232.883
Ректоратта жұмыс істейтін қызметкерлерге қатысты шығыстар	1.396.294	1.570.061
Университет қалашығының құрылысы (ТР)	2.669.523	600.279
Түркиядан Ректораттың қажеттілігіне (алынған заттарға, көрсетілген қызметтерге) жіберілген (жұмсалған) шығыстар	7.471.175	4.882.298
Жалпы Барлығы	46.638.301	41.993.547

Ректоратқа тиісті басқа бөлімдердің шығыстарындағы азаю, сол бөлімдердегі студент санының азаюымен параллел болып, Өкілетті Кеңес шешімдеріне сәйкес болып табылады.

Сондай-ақ, Шымкент Медицина факультеті болып көрсетілген оқу-клиникалық базасының шығыстары Қазақстан Республикасы Үкіметі және Өкілетті Кеңес шешімдерін негізге ала отырып қарағанда студенттер үшін жұмсалған шығыстың артқанын көрсетеді.

Түркістан бөлімі шығыстарында 9.4 % азайғанын көрсетеді. Қазақстандағы айлық жалақының артуы және инфляцияны ескергенде, сондай-ақ, жаңа ғимараттың іске қосылуын ескергенде, Университет Ректоратының алдыңғы жылға қарағанда таңқаларлықтай үнемдік көрсеткені және шығыстарын азайтуға мәжбүр болғандығы түсінікті болады.



Өкілетті Кеңестің Халықаралық білім одағының атына лайықты іс-шараларды жүргізе алуы және стратегиялық жоспарда көрсетілген мақсаттарға жете алуы үшін университет басқармасына жаңа қаржыландыру көздерін табуы қажет етеді.

2. Оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша

2009 жылы I-ші курсқа жалпы 2.878 студент қабылданды – күндізгі бөлімге 1.466, сыртқы бөлімге 1.232, ТҮРТЕП'ге 180. Мемлекеттік грант негізінде қабылданған студенттердің саны сәйкесінше – 420 және 18. Магистратураға 129, докторантураға 4 адам қабылданды. Дайындық бөліміне 410 тыңдаушы қабылданды (210–түркі тілдес елдерінен, 200– шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдері, оралмандар).

11-ші кесте. Қабылданған студенттердің саны

2009-2010	Күндізгі бөлім			Сыртқы бөлім		ТҮРТЕП	Барлығы
	ҚР. квота	Ақылы	ТР. квота	ҚР. квота	Ақылы	Ақылы	
Дайындық	100	0	110	0	0	0	210
Оралмандар	200	0	0	0	0	0	200
Колеж	0	0	0	0	0	21	21
Бакалавр	420	1.020	26	18	1.214	180	2.878
Магистратура	80	28	21	0	0	733	862
Докторантура	4	0	0	0	0	0	4
Барлығы	804	1.048	157	18	1.214	934	4.175

Үстіміздегі оқу жылында университетімізді 3.124 бакалавр (1.163 грант негізінде) күндізгі оқу түрі бойынша, 3.279 бакалавр (8 грант негізінде) сырттай оқу түрі бойынша, 126 магистр бітіргелі отыр. Медицина мамандықтары бойынша 219 (25 грант) маман бітіріп шығады.

12-ші кесте. Бітіруші студенттердің саны

2009-2010	Күндізгі бөлім			Сыртқы бөлім		ТҮРТЕП	Барлығы
	ҚР. квота	Ақылы	ТР. квота	ҚР. квота	Ақылы	Ақылы	
Колеж	0	0	0	0	0	15	15
Бакалавр	1.163	1.701	260	8	3.271	65	6.468
Магистратура	41	56	29	0	0	210	336
Докторантура	0	0	0	0	0	0	0
Барлығы	1.204	1.757	289	8	3.271	290	6.819

Дәрістердің жоспарлануы мен сабақ кестесін дайындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, пәндер бойынша типтік бағдарламаларға, оқу бағдарламаларына, Білім және ғылым министрлігінің 18.03.2008 ж. №125 бұйрығы талаптарына, университет тарапынан бекітілген мамандықтардың оқу жұмыс жоспарлары мен оқу үдерісінің кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Медицина мамандықтары бойынша маман дайындауды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында Түркия Республикасының Хажеттепе, Гази университеттерімен мамандар және студенттер алмасу, әдістемелік және ғылыми байланыстар жасау жайлы келісім-шарттарға қол қойылды. Бұл келісімдерге сәйкес медицина мамандығы студенттері алдағы уақытта бір семестрдің сабақтарын жоғарыда аталған университеттерде оқып, емтихандарын сонда тапсыратын болады.

Осыған байланысты I-II-III курс студенттерімен түрік және ағылшын тілдерін меңгеруді тереңдету мақсатында арнайы бағдарламамен қосымша сабақтар өткізілуде. 2010 жылы Түркияда интернатурада оқуға 10 маман жіберілу жоспарланып отыр. Алдағы уақытта экономикалық бағыттағы мамандықтарды да халықаралық стандартқа өткізу жоспарлануда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медициналық академиясының жабылуына байланысты 1.304 студент Ахмет Ясауи университетіне ауыстырылып алынды. Осыған байланысты Шымкент қаласында орналасқан Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медициналық академиясының № 2 оқу ғимараты құрал-жабдықтарымен бірге 7 жыл мерзімге сенімді басқаруға қабылданып алынып, оның негізінде университетіміздің құрамында оқу-клиникалық базасы ашылды.

Қазіргі кезде 4 факультеттен, 17 кафедрадан тұратын бұл оқу орынында 1.606 студент (870 грант негізінде) білім алады, оларға 261 профессор-оқытушы дәріс береді. 2009-2010 оқу жылы бойында осы оқу-клиникалық базасының барлық мамандықтар және курстарынан 800-ден астам студенттер Түркістандағы клиникада, медицина факультетінде және университет виварийінде екі апталық оқудан өтті. Олар үшін арнайы дәрістер өткізіп, лекциялар оқу үшін Қазақстанның атақты профессорлары мен ғылым докторлары шақырылды.

Оқу жылы қарсаңында 11 интерактивті тақталар сатып алынып, арнайы аудиторияларға орнатылды.

Апта сайын факультет декандарының, кафедра меңгерушілерінің, бөлім басшыларының қатысуымен кеңейтілген ректорат мәжілісі жоспарланып, өткізіліп отырды. Бұл мәжілістерде университетте атқарылып жатқан оқу-әдістемелік, ғылыми, тәрбие, шаруашылық, қаржылық т.б. мәселелер қарастырылып отырады.

2009-2010 оқу жылында бірінші курсқа қабылданған студенттерге Түркия Республикасы тарапынан бөлінетін квотаны тарату барысында, екінші жыл, ұлттық бірыңғай тест нәтижелерімен қатар, қысқы емтихандар көрсеткіштері де ескерілді. Арнайы бағдарлама көмегімен талапкер студенттердің рейтингі жасалып, ашық жарияланды. Квота бөлу мәдениет орталығының үлкен залында, студенттердің, олардың ата-аналарының, профессор-оқытушылардың қатысуымен, ректорат мүшелері мен белсенді студенттерден құралған комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі нәтижесінде іске асырылды.

Сапа менеджменті жүйесі талаптарына сәйкес тұтынушының қанағаттануын зерттеу мақсатында емтихандық сессиялар аяқталған соң студенттердің барлығына компьютерлік сауалнамалар жүргізілді. Осы мақсатта бітіруші студенттер мен магистранттардан да арнайы сауалнама алынды.

Өткен оқу жылы нәтижесі бойынша әр профессор мен оқытушының рейтингі анықталды.

Университеттің Стратегиялық жоспарының бірінші мақсаты – Білім беру сапасын көтеруді жүзеге асыру үшін оқу жоспарларының таңдау компоненттеріне қазіргі талаптарға сай өзгерістер енгізу жұмыстары қолға алынды.

Білім беру сапасын көтеруді жүзеге асыру үшін университеттің оқу регламентіне оң өзгерістер енгізілді. Қысқы емтихандар сессиясы кезінде ағылшын және түрік тілі пәндерінен, ал жазғы сессия кезінде ағылшын, түрік тілдері, философия және информатика пәндерінен қабылданатын емтихандар орталықтандырылған матрицалық тест жүйесіне көшірілді.

Оқу орынымыздың профессор-оқытушылары мен қызметкерлерінің негізгі айлық жалақылары орта есеппен 25% көтерілді. Ал ғылым докторлары, профессорлардың жалақылары екі есеге жақын көтеріліп, 200 мың теңгеге жақындады.

3. Ғылым саласы бойынша

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде ғылыми-зерттеу жұмыстары 6 сала бойынша 57 бағытта жоспарланған.

Ғылыми атағы мен дәрежесі бар профессор-оқытушылар жалпы педагогикалық құрамның 42,2% құрайды. Соңғы екі жыл ішінде бұл көрсеткіш ұдайы жақсару үстінде. Салыстыру үшін 2007 және 2008 жылдардағы көрсеткішті келтірсек, олар 39,8% және 37,9% құраған болатын.

13-ші кесте. Ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстар көрсеткіші төменде көрсетілген

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының аты	2008	2009
Ғылыми монографиялар	48	46
Оқулықтар, оқу құралдары	195	204
Оқу әдістемелік құралдары	630	441
Лекциялық курс	342	204
Мақалалар	2815	1881
Патент	23	26
Диссертациялар қорғау		
* Докторлық диссертация	3	7
* Кандидаттық диссертация	37	44

ҚР БҒМ-нің «Үздік оқытушы – 2009» гранты иегерлерінің саны биылғы жылы 16-ға жетті. Бұл көрсеткіш 2008 – 14 болса, 2007 – 10 болған, яғни мұнда да тұрақты ілгерілеу бар.

Университет Халықаралық Темпус бағдарламасы бойынша "Компетенция преподавания и инфраструктуры для электронного обучения и переподготовки" атты жобаға қатысып, жетекшілік етуде. Жоба құны - 870 мың евро. Бұл жобаның орындаушылары бірнеше мекеме.

ҚР БҒМ ғылым саласындағы 2010 жылға жарияланған конкурсына алғаш рет 19 жоба қатысуда, бірінші турдан 17 жобадан 10 жоба келесі сатыға өтті, екі жоба келесі лотта қаралады.

Экология ғылыми зерттеу институты акредитациядан өтіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарына лицензия алды (профессор А. Ақбасова). Түркология институты «Дінтану» оқулығын дайындауда үздік шығып, республикалық тендерді ұтып алды (профессор Д.Кенжетай).

Университетте профессор-оқытушылар арасында рейтингі жоғары халықаралық ғылыми журналдарға мақала дайындау бағытында жұмыстар қолға алынды.

2010 жылда өткізілген конкурс нәтижесінде университетіміздің төрт профессор-оқытушысы «Жыл ғалымы» номинацияларында жеңіске жетті. Олар-п.ғ.д., профессор Беркімбаев К.М., ө.ғ.к., доцент Мұхамеджан Ә., техн.ғ.к., доцент Мейірбеков Ә. және п.ғ.к. Садуова Ж.

Университетіміздің оқытушы-профессорларының ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде алынған патенттер саны - 18, және 8 патент алуға құжаттар жіберілді.

Оқу орнымызда 2009-2010 оқу жылында бірнеше халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізілді. 2009 жылдың мамыр айында III Халықаралық Түркология Конгресі, қараша айында Кембридж университетімен бірігіп «Ислам өркениеті және Қазақстандағы діни мәселелер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция, М.Сұлтанқожаұлының 175 жылдығына арналған халықаралық конференция, 2010 жылдың наурыз айында «Ө.Жәнібек оқулары-2010» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоспарына енген Одесса медицина университетімен (Украина) келісім-шарт негізінде бірлесіп ұйымдастырылған «Медициналық биофизика стандарттары және ақпараттық технологиясы» БИС-2010 халықаралық дистанциялық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияға Украина, Түркия және Қазақстан Республикасының алдыңғы қатарлы денсаулық сақтау саласының мамандары қатысты.

2010 жылдың сәуір айында ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоспарына енген «Қазақстан экономикасының индустриалды-инновациялық даму механизмдерін жедел жетілдірудің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

Мамыр айында университетте Фармацевтикалық компаниялардың демеушілігімен «Жүйке ауруларының өзекті сұрақтары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілгелі отыр. Конференцияға Австрия, Түркия, Ресей, Украина, Қырғызстан, Өзбекстан мемлекеттерінен және де еліміздің неврология саласы бойынша 200-ден аса білікті мамандары қатысады деп күтілуде.

2010 жылдың қазан-қараша айларында «Түркі өркениетінің зерттелуі және оқытылуы мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, «Қазақстандағы діни білім беру және дінаралық келісім» атты халықаралық ғылыми-теориялық конгресс өткізу жоспарда бар. Бұл конференцияларға алыс-жақын шет елдерден сол саланың білікті, тәжірибелі мамандары шақырылады деп жоспарлануда.

2008 және 2009 жылдары университеттің есеп-шотына ғылым саласының түрлі конкурстары мен гранттарын, сонымен қатар шаруашылық келісім шарттарынан 14,6

млн және 15,6 млн теңге қаржы түсірілді. Бұл көрсеткіштер 2007 жылғы көрсеткіштен екі еседен астам артық.

Сонымен қатар университетіміздің бірқатар ғалымдары жекелей немесе бірнеше ғалымдар топтасып мемлекеттік конкурстар мен гранттар және шаруашылық келісім арқылы жұмыс жасаған.

Ғылыми жұмыстарын өз есеп-шоттары арқылы орындап, ақшалай қаржыландыруға ие болған. Бұл конкурстардың көрсеткіші: 2007 жылы – 53 млн теңге болса, 2008 жылы – 56,4 млн, 2009 жылы – 90,9 млн теңге көлеміне жетті.

2009-2010 оқу жылында «Экономика», «Менеджмент», «Математика» мамандықтары бойынша PhD докторантурасына лицензия алынып, «Менеджмент» мамандығында 2 докторант, Математика мамандығында 2 докторант грант негізінде білім алуда.

2010-2011 оқу жылына тағы 3 мамандық бойынша «6D010300-Тарих», «6D010300-Педагогика және психология», «6D070500-Математикалық және компьютерлік моделдеу» мамандықтарына докторантура лицензиясы алынды, «6D030100-Құқықтану», «6D011000-Физика» мамандықтары үшін лицензия алуға құжаттар тапсырылды.


Магистратураның 4 мамандығы бойынша «6M010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «6M011000-Физика», «6M060400-Физика», «6M070500-Математикалық және компьютерлік моделдеу» лицензия алынды, «6M021100-Теология» мамандығы бойынша лицензия алу үшін құжаттар тапсырылды.

Биылғы оқу жылында ізденіс жұмыстарымен 12 магистрант және 1 докторант шет елдерге барып қайтты. Медицина саласы бойынша 5 оқытушы маусым айында Түркияға біліктілік арттыруға және тәжірибе алмасуға жіберіледі.

Қазіргі таңда бітіруші магистранттардың диссертациялық жұмыстарын «Антиплагиат» бағдарламасына сай тексеру үшін тиісті жұмыстар ұйымдастырылуда.

2009-2010 оқу жылында студенттердің ХҮІІІ ғылыми-теориялық конференциясы 2010 жылы ақпанның 22-26 аралығында өтті. Онда 88 секция жұмыс жасап, 3422 баяндама оқылды. Университет бойынша «үздік» деп танылған 510 жұмыс Базалық жоғарғы оқу орындарға Республикалық конкурстың 2 кезеңіне қатысуға жіберілді.

ҚР БҒМ өткізетін ЖОО арасында пән олимпиадаларына университетіміздің студенттері қатысып, жоғары көрсеткіштермен оралды. Атап айтқанда:



14-ші кесте. ЖОО арасында пән олимпиадалары көрсеткіші

Мамандықтары бойынша жасақталған командалар	Орын
Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мен Педагогика және психология	1
Кәсіптік білім беру	2
Аударма ісі: қытай тілі	2
Журналистика	2
Философия	2
Теология, дінтану	2
Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі	2
Бастапқы әскери дайындық	2
Бейнелеу өнері және сызу	3
Кәсіптік оқыту	3
Тарих	3

Университетіміз білім және ғылым саласына қатысты 17 мемлекеттің 25-ке тарта ЖОО, ҒЗИ және басқа да мекемелермен келісім-шарттар жасады. Оның ішінде, соңғы екі жылда университетіміз 7 шет елдің 11 оқу орнымен келісім-шарт жасалды.

4. Мәдениет және спорт саласы бойынша

Университетімізде жастарға эстетикалық, мәдени, спорттық тәрбие беру бағытында Продюсерлік орталық, Спортклуб, Жастар комитетінің және университет жанынан құрылған «Байтерек», Б.Саттарханов атындағы «Намыс» жастар қоғамдық бірлестіктерінің ұйымдастыруымен қала, облыс, республика деңгейінде іс шаралар өткізілуде.

Университет деңгейінде 2009-2010 оқу жылының қыркүйек айынан бастап көптеген мәдени-тәрбиелік іс-шаралар өткізілді. Негізгілерін атап айтсақ: Жаңа оқу жылына, Ұстаздар күніне, 29 қараша Түркия Республикасының Тәуелсіздік күніне, 16 желтоқсан ҚР Тәуелсіздік күні мерекелеріне, 17-қараша Дүниежүзілік студенттер күніне арналған мерекелік кештер, оқытушылар мен студент жастардың Жаңа жылдық кеші, 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні, 22 наурыз Ұлыстың ұлы күні т.б.

2010 жылдың 29 қаңтарда университет ОПҚ мен студенттері тікелей эфирде ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық-жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты дәстүрлі Қазақстан халқына Жолдауын тыңдады. Университеттің ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Халыққа жолдауын халыққа насихаттау жұмыстары жөнінде университеттің жоспары жасалып, жүзеге асырылып келеді.

Жастар ұйымының және студенттік ректораттың ұйымдастыруымен Университет президентінің кубогы үшін «Білім-күш» атты интеллектуалды сайысы, ұлттық құндылықтарымыз бен би өнерін насихаттау мақсатында «Қамажай» би байқауы, «Университет Ханзадасы мен Ханшайымы-2009», «Наурыз аруы-2010», «Жігіттің сұлтаны-2010», 15 сәуір «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» мерекесіне орай «Екі ғашық қол ұстасып» атты байқаулары өткізілді. Сонымен қатар Сидней Олимпиадасының жеңімпазы, марқұм Б.Саттархановтың дүниеден өткен, туған күндеріне орай, Көрнекті

9 . 

мемлекет және қоғам қайраткері, марқұм Ө. Жәнібектің дүниеден өткен күніне орай еске алу кештері өткізілді.

Жалпы Тәрбие орталығы, Жастар ұйымы және Продюсерлік орталықтың ұйымдастыруымен 2009 ж. қыркүйек айынан бастап университет және қала жастарына арналған 185-тен астам мәдени, ғылыми іс-шаралар және көптеген байқаулар өткізілді.

«Журналистика» мамандығы бойынша оқып жатқан 6 студент жергілікті «Тұран-Түркістан» телеарнасының штаттан тыс тілшілері ретінде сабақтан тыс уақытта қосымша қызмет атқарады. Олар «Ақпарат толқынында» ақпарат бағадарламасын жүргізеді.

«Дәуір» радио үйірмесі №2 оқу ғимаратында күн сайын университет жаңалықтарымен радио эфирге шығады.

Филология факультетінің II курс студенті Ерахметқызы Ж. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 80 жылдық мерей тойына арналған «Абай әлемі» республикалық студенттер фестивалінде «Абайдық қара сөздері» номинациясы бойынша «Гран-При» жүлдесін жеңіп алды.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев 2009 жылғы қазан айының 13-ші жұлдызында 75 жылдығын атап өтіп жатқан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде студенттер мен ұстаздар қауымына арнап «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: Болашаққа интеллектуалдық секіріс» атты тақырыбына оқыған дәрісі телекөпір арқылы Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Орталық Мәдениет орталығында барлық факультеттерден жиналған оқытушылар мен студенттерге көрсетілді.

Продюсерлік орталықтың құрамында «Жүргізуші және көркем сөз», «Эстрадалық ән», «Би», «КТК» үйірмелері жұмыс жасайды. 24.02.-26.02.2010ж. аралығында VIII-«Дарын-2010» атты жас әншілер байқауы өткізілді. университет оқытушылары, қызметкерлерінің арасында «Қалқатайдың дауысы-ай» атты халық әндері байқауы өткізілді.

15-25.03.2010ж. Университеттің өнерпаз студенттері Түркия Республикасының бірнеше қаласында өнерлерін көрсетіп келді.

Түркі дүниесінің түрлі аймақтарынан келген студент жастардың Қазақстанға бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында «Шаңырақ» студенттік клубтар Координациялық басқармасы жұмыс жасайды. Қазіргі таңда басқарма басшылығымен алуан түрлі салалар бойынша (әдебиет, тарих, денсаулық сақтау, мәдениет, саяхат, т.б.) 15 студенттік клуб ашылған. Клуб мүшелерінің құрамы түрлі ұлт және ұлыс өкілдерінен құралады. Барлық клубтардың жұмыс жоспарлары жасалып, жоспар бойынша әр түрлі конференциялар, семинарлар, байқаулар, т.б. іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Ерекше «Жаны саудың – тәні сау» клубының «Ғасырдың өлім тұзақтары», «Тағдыр тәлкегі» атты Түркістан және Кентау қалаларының мектептері мен колледждерінде өткізілген салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған акцияларын, «Кино және фотосурет» клубының ұйымдастырған көрмелері мен қысқа метражды фильм түсіруден өткізіліп жатқан байқауын, «Мәдениет және спорт» клубының ұйымдастырған көрмелерін, «Күлтөбе» клубының жұмысын атап кетуге болады.

Түркістан қаласының әкімдігімен бірлесе отырып «Нашақорлық пен наркобизнеске қарсы күрес» атты акция, «Есірткі ғасыр індеті» атты есірткіге қарсы акциясы, «Жастар жемқорлыққа қарсы!» атты форумы өткізілді. Жастар арасындағы дін мәселелері, дәстүрлі емес діни ағымдардың, діни экстремизмнің жастарға ықпалы жөнінде Қала әкімдігінің, ҚІБ-нің өкілдерінің, Орталық «Хилует» мешітінің имамының,

қалалық ақсақалдар алқасының мүшелерінің қатысуымен семинар өткізілді. Ғасыр дертінің бірі – нашақорлыққа қарсы күрес шараларын күшейту және оған жастардың көзқарастарын қалыптастыру мақсатында Қалалық СПИД орталығының дәрігерлерімен «Абай бол есірткіден!» тақырыбымен басқосу өтті. Студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымдарын арттыру мақсатында қалалық Қаржы полициясы өкілдерімен «Жастар жемқорлыққа қарсы!» тақырыбымен басқосу семинары өтті.

Университетіміздің спортшылары Республика бойынша екі жылда бір рет өткізілетін универсиадада жалпы командалық ІІ орын жеңіп алды.

Үстіміздегі оқу жылында университет деңгейінде аумақты спорттық шаралар жүзеге асырылды: 09-26.11.2009 ж. факультетаралық XVIII күзгі студенттер спартакиадасы (12 спорт түрінен), 04-15.01.2010 ж. университет оқытушы-профессорлары мен қызметкерлер арасындағы XIX спартакиадасы (11 спорт түрінен) өткізілді; 13-14.03.2010 ж. студенттер арасында стол теннисінен университет біріншілігі; 16-17.03.2010 ж. студенттер арасында мини футболдан жарыс өткізілді; 20.04-05.05.2010ж.

Елбасының халыққа Жолдауына арналған оқытушылар мен қызметкерлердің көктемгі спартакиадасы өтті.

Университетімізде студенттер үшін 8 спорттық секция жұмыс істейді, оған 327 студент қатысады. Олармен 11 бапкер жаттығу жұмыстарын жүргізеді.

Университет спортшылары ішінде әлем біріншілігінің 2 күміс жүлдегері, әлем универсиадасының 1 күміс, 1 қола жүлдегері, Азия біріншілігінің 1 жеңімпазы, 4 күміс, 4 қола жүлдегері, Қазақстан Республикасы біріншілігінің 2 жеңімпазы, 3 күміс, 5 қола жүлдегері бар.

15-ші кесте. Студенттердің спорт көрсеткіштері

	Алтын	Күміс	Қола
Әлем біріншілігі		2	
Әлем универсиадасы		1	1
Азия біріншілігі	1	4	4
Қазақстан республикасы біріншілігі	2	3	5
Барлығы	3	10	10

Сонымен қатар, ардагер профессор-оқытушылар арасында спорттан әлем чемпионы және қола жүлдегері бар.

g.

16-ші кесте. Ардагер профессор-оқытушылардың спорт көрсеткіштері

	Алтын	Күміс	Қола
Әлем біріншілігі		2	
Қазақстан республикасы біріншілігі	2	3	5
Барлығы	3	10	10

5. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ кітапханасы бойынша мәлімет

Университет кітапханасы профессор-оқытушылар құрамы, білімгерлер мен ғылыми қызметкерлерге оқу-іздену барысында оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, ғылыми басылымдар және электронды ресурстармен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс жүргізеді. Оқырмандардың университет бойынша 2082 орынды оқу залдарын пайдалануға барлық жағдай жасалынған. Орталық кітапхана сағат 9.00-20.00. үзіліссіз жұмыс атқарады. Халықаралық стандартқа сай кітап қоры ашық түрде орналасқан. Дәстүрлі алфавиттік, жүйелік каталогпен қоса электронды каталог оқырман назарына ұсынылған. Электронды оқу залында тегін интернет және электронды оқулықтарды пайдалануға мүмкіндігі бар. Жаңа ғимараттағы факультеттерге сәйкес екі оқу залы ашылып оқырмандарға қызмет көрсетуде, электронды каталог орнатылған.

Кітапхананың қорлары университет дайындайтын мамандықтардың бағыттарына сәйкес кафедралар берген жазбаша тапсырыстары бойынша сатып алынған кітаптармен, сыйлық ретінде жеке тұлғалардан, Өкілетті Кеңес тарапынан алынған кітаптармен толығында. Сонымен қатар, кітапханадағы жалғыз данадағы көп сұраныстағы кітаптардың электрондық нұсқалары және ризограф арқылы көбейтіліп, оқырман назарына ұсынылуда. Жаңа түскен кітаптар туралы мәлімет сала бойынша факультеттерге "Ақпараттық бюллетендер" түрінде беріледі.

Қазіргі таңда жалпы университет кітапханасының қоры – 1.276.525 дананы құрайды.

Оның ішінде оқулықтар – 859.083 экз., ғылыми әдебиеттер- 334.293 экз. көркем әдебиет -83.149 экз.

17-ші кесте. Кітап және CD қоры

	Саны
Оқулықтар	859.083
Ғылми әдебиеттер	334.293
Көркем әдебиет	83.149
Электронды оқулықтар-CD	62.612
Барлығы	1.339.137

Электронды оқулықтар саны – 62612 CD.

Gr.
/

18-ші кесте. Тіл бойынша кітап қоры

	Саны
Қазақ тілінде	440.729
Түрік тілінде	126.013
Орыс тілінде	709.783
Барлығы	1.276.525

2008-2009 оқу жылында жалпы кітапханаға 13.990.843 тг. көлемінде 26.116 дана кітап түскен, оның ішінде сатып алынған кітаптар саны 9.755 дана. Мерзімді басылымдарға 600.312 тг. 106 атаулы 295 дана газет, журналдар алынды. 2009-2010 оқу жылында барлық факультеттерден, оқу клиникалық базасы мен Кентау институтының берілген сұраныстарын сараптап, ҚР сатып алу заңнамасына сәйкес тендер өткізілді. Орталық кітапхана қызмет көрсету сапасын жетілдіру мақсатында кітапханалық- библиографиялық үдерістерді автоматтандыруды жүзеге асыруда. Оқытушылар мен білімгерлерді оқу-іздену барысында қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету үшін жоғары оқу орын кітапханаларына арналған 6 модульді ИРБИС бағдарламасы сатып алынып, қазіргі таңда «Каталогизатор» және «Оқырман» модульдері жұмыс жасауда.

Университеттің Стратегиялы қ жоспарына сәйкес, халықаралық онлайн-кітапханалар қорына қол жеткізу бүгінгі күннің басты мақсаттарының бірі.

Осыған байланысты, қазіргі кезде университет сайтының білім порталына 500-ге жуық электронды оқулықтарды енгізіп шықтық.

ҚР Мәдениет министрлігінің тапсырмасына сәйкес, ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасының «Электрондық мемлекеттік кітапхана қорын» жасау жобасына атсалысып жатырмыз. Университеттің кітапхана қорындағы 1810-1941 жж. қамтитын ескі басылымдағы ғылыми еңбектердің электрондық көшірмелері жасалып, аталған қорға жіберілді.

ҚР Білім және ғылым министрлігі, ЖОО қауымдастығының басқармасының республика көлемінде электрондық кітапхана жасау меморандумына қол қойылып, өз кітапханамыздағы электрондық оқулықтардың 50 данасы жіберілді.

Электронды кітапхана қорында республикалық білім беру стандарттарына сай қолданылатын, республикада басылып шыққан оқулықтар, оқу-құралдары, монографиялар мен ғылыми журналдарда жарық көрген ғылыми мақалалар, шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері жинақталған. Осы деректер қоры арқылы қажетті мәліметтерді алу мүмкіндігіне қол жеткізгелі отырмыз.

6. Кадрлар әлеуетін талдау

2009-2010 оқу жылында университет бойынша 26 факультет, 108 кафедра бар.

Түркістан орталығы бойынша 2008-2009 оқу жылында -3 ғылым кандидаты докторлық диссертация қорғады, 3 ғылым докторы – профессор атағын алды, 26 оқытушы кандидаттық диссертацияларын қорғады, 20 ғылым кандидаты –доцент атағын алды.

19-ші кесте. Ғылыми жетістіктер

	Саны
Ғылым кандидаты докторлық диссертация қорғады	3
Ғылым докторы – профессор атағын алды	3
Оқытушы кандидаттық диссертацияларын қорғады	26
Ғылым кандидаты –доцент атағын алды	20
Барлығы	52

Бүгінде ғылыми дәрежесін арттыру мақсатында докторлық жұмыстарын аяқтау мақсатында 2 оқытушы аға ғылыми қызметкерлікке және осы оқу жылында докторлық диссертациясын қорғау мақсатында – 1 оқытушы, кандидаттық диссертация жұмыстарын аяқтап, қорғап келу мақсатында 1 оқытушы шығармашылық демалысқа жіберіліп отыр.

Профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін көтеру мақсатында бекітілген жоспарға сәйкес жылда оқытушылар өз мамандықтары бойынша білім жетілдіру институттарына жіберіліп отырады.

Біліктілік жетілдіру курсына жіберілген оқытушылардың жалпы саны – 205. Соңғы екі оқу жылында біліктілікті жетілдірген оқытушылардың сандары сәйкесінше – 89 және 93.

20-ші кесте. Біліктілік жетілдіру курсына жіберілген оқытушылар


	2007-2008	2008-2009	2009-2010
Біліктілік жетілдіру курсына жіберілген оқытушылар	89	93	205

Мемлекеттік тілде сабақ жүргізетін ОПҚ-ның үлесі соңғы екі оқу жылында - 95,3 % және 96 % құрады.

Барлық ОПҚ-ның базалық білімі және мамандығы бойынша еңбек өтілі бар. Қазіргі кезде 5 жылға дейінгі еңбек өтілі бар ОПҚ саны - 211 (25,6%), 5-15 жылдар аралығындағы еңбек өтілі бар ОПҚ саны -338 (41,1%), 15 жылдан жоғары еңбек өтілі бар ОПҚ саны 274 (33,3%).

21-ші кесте. Еңбек өтілі бар ОПҚ

	Саны	%
5 жылға дейінгі еңбек өтілі бар ОПҚ саны	211	25,6
5-15 жылдар аралығындағы еңбек өтілі бар ОПҚ саны	338	41,1
15 жылдан жоғары еңбек өтілі бар ОПҚ саны	274	33,3
Барлығы	823	100,0



7. Әлеуметтік, шаруашылық және өндірістік қызметі саласы бойынша

Университетке қарасты жер телімдерінің Мемлекеттік актілері ретке келтірілді. Бүгінгі таңда пайдаланылуда 242,3 гектар, қосалқы шаруашылық үшін берілген 1.019 гектар жер бар.

Университетте Түркістан қаласы бойынша жеті оқу ғимараты, алты жатақхана, бір мәдениет сарайы, бір орталық асхана, бір клиника, екі ашық спорт алаңы, бір ғылым орталығы, бір ботаникалық бақ, сегіз пәтерлік он коттедж, бір қонақ үй, әр ғимараттарға тұрғын үйлерге жылу беретін қазандықтар, қалалық жарық сөнгенде автономды жарық беретін дизель қондырғылары, бір жиһаз жасау цехы бар. Кентау қаласы бойынша екі оқу ғимараты, бір жатақхана, бір өндірістік ғимарат, екі бөлмелі екі пәтер, төрт бөлмелі бір пәтер бар.

Шымкент қаласы бойынша төрт оқу ғимараты, екі жатақхана, бір спорт ғимараты, бір оқу шеберханасы, бір тұрғын үй, бес пәтер, бір гараж бар.

Алматы қаласы бойынша бір оқу ғимараты бар.

«Бас оқу корпусы (Ректорат)» ғимаратының жалпы ауданы 13.961,2 шаршы метр, оның ішінде пайдалы ауданы 13.041,1 шаршы метр. Ғимарат 5-8 қабаттан тұрады, жобаның сметалық бағасы 1.426.302.000 тг. Құрылыс жұмыстары 2009 жылдың 25 желтоқсан айында толық аяқталды. Бұл ғимарат қараша айында жұмысшы комиссиямен қабылданып, бүкіл инженерлік жүйе іске қосылды және 25.12.2009 ж. Мемлекеттік қабылдау актісі Түркістан қаласы Әкімінің № 3029 қаулысымен бекітіліп, пайдалануға берілді.

Бір ауысымда 200 адам қабылдайтын, медициналық құралдар мен қондырғылармен заманауи үлгіде жасақталған «Денсаулық орталығы» ғимаратының мемлекеттік қабылдау актісі Түркістан қаласы Әкімінің №2653 31.10.2008 ж. қаулысымен бекітіліп, пайдалануға берілді.

Жалпы алаңы – денсаулық орталығынан (10.664 шаршы метр), асханадан (812,7 шаршы метр), дерттану анатомиялық (600 шаршы метр) және кір жуатын (834,8 шаршы метр) корпустардан тұратын емхананың жалпы көлемі 12.911,5 шаршы метрді құрайды және жалпы сметалық бағасы 3.440.055.000 тг. болып бағаланады. Құрылыс жұмыстары Түркия Республикасының инвестициясы есебінен жүргізілді.

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің 110\35\10 КВ қосалқы станциясының құрылысы және оны Кентау қаласындағы 220\110\35 КВ қосалқы станциямен жалғастыратын жоғары кернеулі электр желілерінің жұмысы Түркия мемлекеті тарапынан бөлінген инвестиция есебінен жүргізіліп келеді. «Денсаулық орталығы» нысанын электр энергиясымен қамтамасыз ету жоғарыда аталған қосалқы станция арқылы жүзеге асырылуы тиісті.

Түркия мемлекетінен бөлінген инвестиция АО «KEGOC»-тің 06.09.2006 ж. 24-10\4364 берген техникалық шартнамасында көрсетілген 5 км қосымша жоғары кернеулі электр желісімен, 6 км бұрынғы жүргізілген желіні реконструкция жасауға жетіспеу себебінен, облыстық бюджеттен 2009 жылға қосымша 69 млн.теңге бөлінді. 2009 жылдың желтоқсан айында құрылыс жұмыстары толық игеріліп, Мемлекеттік актімен қабылдау комиссиясы жұмыс істеп жатыр.

Бас мердігер «Айташ Ай» фирмасы, Өкілетті кеңес төрағасының келісімімен, 2009 жылдың 01 қазан айына дейін жұмысты толық атқаруға кепілдік хат берген болатын.

Республикалық бюджеттен Медицина факультеті үшін 1.850 орындық оқу-лабораториялық корпусының жоба-смета құжаттарына 75.000.000 тенге, 500 орындық жатақхана корпусының жоба-смета құжаттарына 15.000.000 тенге бөлінді.

ҚР БҒМ жобалау тапсырмасына сай Мемлекеттік сатып алу тендері өткізіліп, тендердің қортындысы бойынша 1.850 орындық оқу-лабораториялық корпусының жоба-смета құжаттарына 69.000.000 тенге, 500 орындық жатақхана корпусының жоба-смета құжаттарына 13.500.000 тенге көрсеткіштерімен жеңіп алған жобалаушылар бас жоба-сметалық құжаттарын толық орындап, Мемлекеттік сараптамадан өткізіп, 25.12.2009ж. университет әкімшілігіне тапсырды.

Медицина факультетіне арналған 1850 орындық оқу-лабораториялық корпусы нысанының жоба-сметалық бағасы 2.713.535.000 тенге, Республикалық бюджеттен 2010 жылға 925.000.000 теңге бөлінді.


500 орындық жатақхана корпусының жоба-сметалық бағасы 912.519.350 теңге, Республикалық бюджеттен 2010 жылға 376 000 000 теңге бөлінді.

Құрылыс жұмыстарын 2010 жыл мамыр айында жүргізуге тендер өтіп, мердігер фирмалар мемлекеттік сатып алу конкурсынан сараптан өтуде.

Университетімізге 400 мың дана кітапқа арналған кітапхана ғимаратын 2010 жылы салуға Түркия Республикасының инвестициясы есебінен 3.500.000 АҚШ доллары көлемінде қаражат бөлініп, жоба-сметасы дайындалу үстінде. Түркия Республикасының демеушілігімен университет қалашығынан 200-300 адамға арналған Мешіт құрылысын 2010 жылы салуға қаражат бөлініп жоба-сметасы дайындалу үстінде.

2009 жылы ағымдық жөндеу жұмыстары Мемлекеттік сатып алудың тендер және баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілдері арқылы өткізілді. Ағымдық жөндеу жұмыстары нысандардың ақау актілеріне байланысты жүргізіледі.

Ағымдық жөндеу жұмыстарының Қазақстан және Түркия тараптарынан сонымен қатар университеттің коммерциялық түсімдерінен қаржыландырылуы жайлы мәлімет төмендегі кестелерде берілген.

A handwritten signature in black ink is written over a light blue rectangular stamp. The signature is stylized and appears to be a personal name. The stamp is partially obscured by the ink.

22-ші кесте. Қазақстан тарапынан қаржыландырылған ағымдық жөндеу жұмыстары жайлы мәлімет

Жөндеу жұмысының аталуы	Бөлінген қаржы тенге	Орындаған мердігер
Жатақхана (ағымдық жөндеу) (Кентау)	5.000.000	"Бірлестік" ЖШС
Сыртқы оқу корпусы (ағымдық жөндеу) (Кентау)	5.000.000	"Талды-Бұлақ" ЖШС
Сыртқы оқу-лабораториясы және Экология институтының лабораториясы корпусы (ағымдық жөндеу) (Кентау)	5.045.000	"Үмбет АБ" ЖШС
Бас оқу корпусы Ректорат ғимараты мен жатақхана арасына асфальт-жол төсеу	3.361.000	"Асфальт жол" ЖШС
Заң факультеті оқу ғимараты (ағымдық жөндеу)	4.905.800	"АБСЕН" ЖШС
№4 жатақхана (ағымдық жөндеу)	1.060.000	"Акан и К" ЖШС
№1 оқу ғимараты (ағымдық жөндеу)	2.995.000	"Акан и К" ЖШС
Заң факультетінің жатақханасының ғимаратының ішкі жарықтандыру (ағымдық жөндеу)	997.000	"Электромагнит" ЖШС
Заң факультетінің оқу ғимаратының сыртқы жарықтандыру (ағымдық жөндеу)	2.435.000	"Ақ-Мереке" ЖШС
Өнер факультетінің ғимаратының сыртқы жарықтандыру (ағымдық жөндеу)	839.000	"Ақ-Мереке" ЖШС
Заң факультетінің жатақханасы (ағымдық жөндеу)	4.541.000	"Үмбет АБ" ЖШС
Б. Кенжебаев атындағы мұражай (ағымдық жөндеу)	1.246.690	"Ақ-Мереке" ЖШС
Барлығы	37.425.490	

23-ші кесте. Түркия тарапынан қаржыландырылған ағымдық жөндеу жұмыстары жайлы мәлімет

Жөндеу жұмысының аталуы	Бөлінген қаржы тенге	Орындаған мердігер
№2 қыздар жатақханасы (ағымдық жөндеу)	1.867.670	"KAZTEK YAPI" ЖШС
№1 ерлер жатақханасы (ағымдық жөндеу)	1.772.970	"KAZTEK YAPI" ЖШС
Яассы қонақ үйі (ағымдық жөндеу)	4.783.840	"Мағзаман" ЖШС
Университет коттеждері (ағымдық жөндеу)	4.249.000	"Ақ-Мереке" ЖШС
Медицина факультетінің акті залы (ағымдық жөндеу)	450.000	"Асфальт жол" ЖШС
№1 ерлер №2 қыздар жатақханасы қоршау орнату (ағымдық жөндеу)	1.715.000	"Мурат и К" ЖШС
№1 ерлер жатақханасы ішкі жарықтандыру (ағымдық жөндеу)	3.925.000	"Электромагнит" ЖШС
№2 қыздар жатақханасы ішкі жарықтандыру (ағымдық жөндеу)	4.286.000	"Электромагнит" ЖШС
Заң факультетінің оқу ғимаратының сыртқы жарықтандыру (ағымдық жөндеу)	1.201.520	"Электромагнит" ЖШС
Барлығы	24.251.000	

Жалпы жұмсалған қаржы – 61 676 490 тг.

Университет ғимараттарындағы ағымдық жөндеу жұмыстары комиссия құрамымен келісілген ақау актісі негізінде жасалады.

№1 жатақханада 1.772.970 тенге қаржыға, №2 жатақханада 1.867.670 теңге қаржыға су құбырларын, душ астауларын ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

Мәдениет орталығы мәжіліс залының еден төсемесін ауыстыруға 450.000 тенге жұмсалды.


Ректорат маңына жол салу жұмыстарына 3.361.000 тенге жұмсалды.

Мағжан қалашығындағы үйлерді бояу жұмыстарына 4.249.000 тенге, Заң факультетінің ғимаратын жөндеуге 4.905.800 тенге, №3 және №4 жатақханаларда құрылыс жөндеу жұмыстарына сәйкесінше 4.541.000 және 1.060.000 тенге қаржы жұмсалды.

Бұдан басқа университет ғимараттарында әктеу, сырлау, сылау, бояу т.с.с. жұмыстарға 25.124.400 тенге қаржы жұмсалды.

Шаруашылық басқармасына қарасты ғимараттардағы, жатақханалардағы, тұрғын үйлердегі су, жылу, электр, байланыс жүйелеріне, канализацияға жылдық жоспарға сәйкес жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жаз айларында қазандықтарға, дизель қондырғыларына профилактикалық жөндеу жұмыстары жүргізілді.

9.



Ерлер және қыздар жатақханалары жанындағы дизель қондырғысының өз жұмыс ресурсын асыра орындап, тозығы жетуіне байланысты 818 кВт GPR-900 дизель қондырғысы жаңадан алынып, орнатылып, іске қосылды. Құны 23.780.000 тенге.

Тозығы жетіп істен шыққан насостар, қазандық форсункалары ауыстырылуда.

№3 жатақханада көше электр жарығын жүргізуге 1.200.000 тенге, жоғарғы кернеулі ВЛ-10 кв-тық электр жүйелерінде жөндеу жұмыстарына 118.000 тенге, барлық оқу ғимараттарында, жатақханаларда электр энергиясын үнемдейтін электр лампаларын алуға 9.208.000 тенге қаржы жұмсалды.

Университетте оқитын ата-аналарынан айырылған тұл жетім студенттерге әлеуметтік жәрдем беру мақсатында олардың әрқайсысын тегін тамақтандыруға үстіміздегі оқу жылында 2.034.200 тенге қаржы жұмсалды. Сонымен қатар студенттік асханада берілетін тамақтың бағасын төмендету мақсатында осы оқу жылында университет 2.571.185 тенге қаржы жұмсады.

Ботаникалық бақтың көшет отырғызу питомнигінде 16.000 көшет отырғызылды. Оның ішінде 2.000 дана қылқанды жапырақтылар, 2.000 дана жүзім көшеті. Жүзімнің 16 түрлі сортының көшеттері ұзындығы 400 метрге таяу аллеяны алып жатыр. Қонақтар аллеясының жалғасына, ромб пішінді 1 га жерге газон шөп егілді. Ботаникалық бақты қорғау мақсатында дендрарийдің сыртқы қоршауына ұзындығы 500 метр итмұрын көшеті отырғызылды.

Жеміс ағаштары питомнигінің бойына ұзындығы 400 метр жерге қылқанды ағаш өсімдіктерінің 230 дана көшеті отырғызылды. 2009 жылы ботаникалық бақтың жеміс секторынан 28 тн өнім жиналды және 2 622 315 теңгеге жеміс өнімі сатылды.

8. Компьютер орталығы бөлімінде жасалған жұмыстар

Университетіміздің ақпараттық технологиялар инфрақұрылымының жұмыс жасау сапасын арттыру мақсатында Интернет желісінің жылдамдығы 10 мегабит/секундқа көтерілді, бас оқу ғимараты талшықты-оптикалық байланыс желісіне қосылды, ол үшін 786.500 теңге қаржыға құрал-жабдықтар сатып алынды.

Университеттің ақпараттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру үшін 2 жылдық лицензиясымен 7.500.000 теңге тұратын аппараттық құралы және 881.000 теңге тұратын 1.000 компьютерге арналған антивирустық бағдарламалары, 8.250.000 теңге тұратын университет аумағында сымсыз интернет байланыс құралдары сатып алынып, университет аумағында 300-ге жуық қолданушыға Интернет желісі кабельсіз әдіспен тегін таратылып берілді.


Қазіргі таңда университетіміз (Түркістан және Кентау бөлімдері) 1.034 компьютермен, 178 принтермен, 30 көбейту аппараттарымен қамтамасыз етілген.

Бұлардың ішінде 820 компьютер Интернет желісіне байланыстырылған.

Университеттің стратегиялық жоспарында көрсетілген және Өкілетті Кеңестің оқу процесі мен өндірістік жұмыстарының сапасын арттыруға қажетті "Бірыңғай автоматтандырылған жүйе" құру туралы шешімдері негізінде ақпараттық заманауи компьютерлік бағдарлама жасауға 2 000 000 теңге бөлініп, қазіргі уақытта негізгі модульдерінің мәліметтер қоры толықтырылып, сынақтан өтуде.

9. Стратегиялық жоспар туралы

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңесінің 01-02.11.2008 ж. 33-ші мәжілісінің 3.3.1 шешімін іске асыру мақсатында университет Президентінің 19.12.2008 ж. №250 бұйрығымен құрылған жұмыс тобы

а. 

университеттің 2009-2013 ж.ж. аралығын қамтитын стратегиялық даму жоспарын дайындады.

Стратегиялық жоспарды дайындауда университет ұжымының барлық қызметкерлері мен студенттерінің, түлектерінің басқа да университетпен қарым-қатынастағы мекемелер мен ұйымдардың ой-пікірлері, ұсыныстары ескерілуіне толық мүмкіндіктер жасалды. Жоспарлау барысы Ректорат және Сенат мәжілістерінде талқыланып, қажетті өзгерістер мен толықтырулар ендірілді. Стратегиялық жоспарлаудың маңыздылығын түсіндіру мақсатында университеттің әр факультеттерінде, құрылымдық бөлімдерінде семинарлар өткізілді.

Бұл жоспар бекітіліп, жарияланғаннан соң университеттің барлық құрылымдық бөлімдері өздерінің стратегиялық жоспарға негізделген мақсат-міндеттерін анықтады.

Стратегиялық жоспардың орындалуы жылына ең кемі бір рет қаралып, жоспардан ауытқу болса, себептері айқындалып, түзетуші әрекеттер жүргізілетін болады.


Сонымен қатар стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуде жариялықтың, университет қызметкерлерін түгел жұмылдырудың, яғни ынтымақтастықтың маңызы зор.

Қазіргі кезде университеттің барлық вице-президенттері – бірінші деңгейдегі жауапты басшылар ретінде, басқарма, бөлім басшылары, факультет декандары мен кафедра меңгерушілері – екінші деңгейдегі жауапты басшылар ретінде, Стратегиялық жоспардың барлық 7 мақсаттары мен 83 мүдделерін талдап, оларды жүзеге асыру бағытында өздерінің жоспарларына өзгерістер ендіріп, университеттің арнайы бағалаушы тобына есептер мен ұсыныстар дайындау үстінде.

Университетте сәуір айының соңында өткізілген ішкі аудит нәтижелері бұл бағыттағы жұмыстарға оң баға беріп отыр.

Мені зейін қойып тыңдағандарыңыз үшін барлығыңызға шын жүректен рахметімді білдіремін.

Проф., док. Лесбек Ташимов
Университет президенті



Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
СТУДЕНТТЕРІНІҢ ТӘРТІП САҚТАУ
РЕГЛАМЕНТІ

I-БӨЛІМ
ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-Бап. Мақсаты

Бұл регламенттің мақсаты – Тарап мемлекеттердің заңнамалары мен Қожа Ахмет Ясауи университетінің Жарғысы, регламенттер мен ережелері бойынша студенттерге жүктелген міндеттерді университетте және университеттен тыс жерлерде орындамаған, қойылған талаптарға көнбеген, тиым салынған жұмыстармен айналысқан және студенттік қасиет, намыс, ар-ожданға жат әрекеттер жасаған студенттерге қолданылатын тәртіптік шараларды белгілеу, қолдану тәртібі мен негіздемелерін анықтау болып табылады.

2-Бап. Мазмұны

Бұл регламент, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университетінде студенттердің тәртіп бұзуы мен оған қолданылатын тәртіптік шаралар және осы шаралардың қолданылу өкілеттілігін, тәртіп сақтау кеңестері мен тәртіптік тексеруді, қолданылатын шараларға қарсы наразылық шағым және оларды іске асыру тәсілі мен негіздерін қамтиды.

3-Бап. Заңды негіздеме

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 7-бабы.

4-Бап. Анықтамалар мен қысқартпалар

Регламенттегі
университет – Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін,
студент – Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-де колледж, жоғары базалық, магистратура,
докторантура бағдармаларында, медицинада интернатура немесе және өнер саласында білім алатындарды білдіреді.

Факультеттің тәртіп сақтау комиссиясы - факультеттің басқару кеңесін білдіреді.

Университеттің тәртіп сақтау комиссиясы - университет президенті, I вице-президент және вице-президенттерінен құралған комиссиясын білдіреді.

II- БӨЛІМ
ТӘРТІП БҰЗУШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕР ЖӘНЕ ТӘРТІПТІК ШАРАЛАР

5-Бап. Қолданылатын тәртіптік шаралар:

- а) ескерту-студентке студенттік міндеттері мен әрекеттерінде ұқыпты болу қажеттілігін жазбаша түрде білдіру;
- ә) сөгіс- студентке студенттік міндеттері мен әрекеттерінде қателік жібергендігін жазбаша түрде білдіру;
- б) қатаң сөгіс- студентке студенттік міндеттері мен әрекеттері қайшы болғандығын жазбаша түрде білдіру;
- в) оқу орнынан шығару-студентке бұдан кейін университетке қабылдамау шартымен университеттен шығарылуын жазбаша түрде хабарлау. Оқудан шығарылған студент университет және құрылымдарына кіргізілмейді.

6-Бап. Ескерту берілетін іс-әрекеттер:

- а) студенттік әдепке лайықсыз іс-әрекеттер үшін;
- ә) көпшілік орында дөрекілік, құрметсіздік көрсету, жұрттың мазасын алу, айғайлау, өлең айту, сазды аспаптарда ойнау, шулау, айналасын таза ұстамау;

б) құзыретті кісілер тарапынан талап етілген мәселелерге себепсіз, уақытында жауап бермеу;

7-Бап. Сөгіс берілетін іс-әрекеттер:

- а) студенттік әдеп, қасиетке қайшы әрекет жасау;
- ә) университет ғимараттарының қабырғаларына, жиһаздарға немесе тағы басқа нәрселерге жазу, белгі қою, сурет салу, жабыстыру және басқа да оқу құралдарына зиян келтіру;
- б) университет қызметкерлерінің талап еткен мәліметтерін толық бермеу немесе жаңылыс беру болмаса ешқандай мәлімет бермеу;
- в) университет қызметкерлері белгілеген жерлерден басқа жерлерге және олардың рұқсатынсыз жарнама ілу;
- г) лекция, семинар, зертхана, шеберхана мен мәжіліс залдары сияқты көпшілік орындарының тәртібін бұзу;
- ғ) университет ішінде спиртті ішімдіктер ішу немесе университетке спиртті ішімдік ішіп келу;
- д) университеттің дәрісхана, зертхана, шеберхана, клиника, денсаулық бөлімдері сияқты орындарына, өрескел студенттік этикаға жараспайтын, денесінің кейбір жерлерін көрсететін киім киіп келу;
- е) университет тарапынан немесе қызметкерлердің рұқсатымен ілінген хабарландыруларды, бағдарламаларды жырту, жұлып алу, ауыстыру және сызу.

8-Бап. Қатаң сөгіс берілетін іс-әрекеттер:

- а) университет басшыларына, профессор-оқытушыларына және қызметкерлерге сабақта, көшеде немесе көпшілік орындарда дөрекі мінез, құрметсіздік көрсету және теріс әрекеттер жасау;
- ә) басқасының үйрену және үйрету еркіндігін шектеу; оқу орнының тыныштығын және жұмыс тәртібін өрескел бұзу;
- б) құмар ойнау немесе ойнауды ұйымдастыру;
- в) университеттен алған және өзіне тиісті құжатты басқа адамға беріп пайдаландыру немесе басқа адамға тиісті құжатты пайдалану;
- г) университет ректоратының рұқсатынсыз университет ішінде немесе сыртта университеттің атын пайдаланып қандай да бір әлеуметтік, мәдени және спорттық іс - шараларға қатысу немесе ұйымдастыру;
- ғ) жиналыстың, мерекелік кештің тәртібін бұзатын немесе кештің шырқын қашыратын әрекеттер жасау;
- д) оқу орнында саяси және идеологиялық мақсаттардан басқа заңсыз ерулікке, қарсылық кедергі келтіру сияқты әрекеттерге қатысу немесе жоғары оқу орнының жұмыстарын ақсататындай әрекеттерге бару, рұқсат етілмеген митингілер мен шерулер ұйымдастыру, оған қатысу және жарнамалар мен плакаттар ілу, жазулар жазу, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу;
- е) оқу орны меншігіндегі жабық немесе ашық орындарда рұқсатсыз жиналыстар өткізу немесе осы сияқты жиналыстарға қатысу;
- ж) емтихан кезінде көшіру (шпаргалка пайдалану), басқалардың көшіруіне көмектесу немесе осыларға әрекет жасау;
- з) университет басшылары мен оқытушыларды және басқа да қызметкерлерді қорқыту немесе олардың намысына тиіп, балағаттау;
- и) ұрлық жасау;
- к) жеке өзі немесе топ болып университет басшыларының жеке бастарына немесе қабылдаған шешімдеріне қатысты орынсыз сөздер айту, басылымдар шығару, осы бағытта студенттерді арандату немесе осы сияқты әрекеттерге талпыныс жасау;
- қ) тәртіптік тексеру жүргізуге қатысты жұмыстарға немесе тәртіп комиссиясының жұмыстарына кедергі жасау не болмаса тексеру жұмыстарын өзгертуге бағытталған әрекеттер жасау;

- л) бір адамды немесе бір топ адамды қылмыс болып табылатын әрекетті жасауға, осындай әрекетке қатысуға, жалған мәлімет (ақпарат) беруге, жасанды (жалған) дәлел көрсетуге немесе қылмысты өз мойнына алуға мәжбүрлеу;
- м) университетке тиым салынған әртүрлі басылымдарды әкелу, оларды көбейту және тарату.

9-Бап. Университеттен шығаратын іс-әрекеттер:

- а) Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының негізгі ұстанымдарына қарсы бағытталған үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, әрекеттер жасау, осы сияқты әрекеттерге итермелеу немесе шақыру, көмектесу не болмаса екі мемлекеттің рухани қасиетін жазбаша немесе ауызша кемсіту, қорлау;
- ә) Түркия және Қазақстан мемлекеттеріне қарсы жасалынған әрекеттер себеімен жазаландырылу;
- б) өзінің орнына басқа адамды емтиханға кіргізу немесе басқа адамның орнына емтихан тапсыру;
- в) университет қызметкерлерінің жұмысына кедергі жасау немесе студенттерді осы сияқты әрекеттерге итермелеу;
- г) университетте бойкот, заңсыз ерулікке, басқыншылық, қызметкерлердің жұмысын баяулату сияқты әрекеттерге қатысу, осы мақсаттағы әрекеттерге шақыру;
- ғ) идеологиялық және саяси мақсаттармен университеттің тыныштығын, жұмыс істеу тәртібін бұзу;
- д) ресми құжаттарды өзгертіп жасанды құжат жасау немесе осыған әрекет жасау, көмектесу;
- е) университет ғимараттарына кірулеріне тиым салынғанына қарамастан, бұл шешімге бағынбау (құлақ аспау) немесе күзиретті органдар тарапынан жабылған ғимараттарға кіру, зиян келтіру немесе бұзу;
- ж) есірткі заттарын қолдану, тасымалдау, өзімен бірге алып жүру немесе сату; (арнайы тексеруден дәлелденген жағдайда)
- з) суық қару, оқ-дәрі, пышақ немесе шабуыл жасауда және қорғануда қолдану үшін арнайы жасалған басқа да құрал-саймандар, жарылғыш заттар тасымалдау, университетте өзімен бірге алып жүру немесе осы қылмыстармен сотталу;
- и) біреуге немесе бір топқа қандай да бір себеппен зорлық-зомбылық жасау немесе жасату;
- й) заңсыз ұйымдарға мүше болу, ол ұйымдарға қызмет ету немесе жәрдем беру;
- к) ішкі істер органдары тарапынан іздеу салынған адамдарды жасыру немесе паналату;
- л) өзгелерге күш көрсету;
- м) қарақшылық топ құру, біреудің немесе қандай да бір топтың атынан ақша алу не болмаса зорлықпен тартып алу;
- н) тіл, нәісіл, дін және мазхаб жағынан бөлінушілікке жол ашатын іс-әрекеттер жасау;
- о) Зорлау.

Белгіленбеген тәртіпсіздік әрекеттер

10-Бап. Жоғарыда көрсетіліп өткен іс-әрекеттер мен жағдайларға ұқсас тәртіпсіздік әрекеттер жасағандарға да осы тәртіптік шаралар қолданылады.

Тәртіпсіздік әрекеттердің қайталануы

11-Бап.. Студент тәртіптік шараға жататын әрекетті қайталайтын болса, оған бұрынғыдан да ауыр жаза қолданылады.

Handwritten signatures and initials at the bottom of the page, including a large signature on the left, several smaller signatures in the center, and initials on the right.

III - БӨЛІМ

ТӘРТІПТІК ТЕКСЕРУ

12-Бап. Тәртіпсіздік әрекеттерді тексеруге құқылы басшылар

Тәртіпсіздік әрекеттерді тексеруге құқылы басшылар: университет президенті, I вице-президент, декан, институт және колледж директорлары болып табылады. Осы комиссия тікелей өзі тексеруі немесе арнайы құрылатын комиссияға тапсыруы мүмкін. Тексеру жүргізілетін студенттер әртүрлі бөлімдердің студенттері болса, құрылатын комиссия Президент немесе Президент өкілі тарапынан құрылады. Құрылатын комиссия ең кемі үш адамнан құралады.

13-Бап. Тексеру жұмысының мерзімі

Тексеру жұмыстары, тәртіпсіздік әрекеттер орын алғаннан кейін алғашқы жұмыс күні ішінде басталады. Тексеру жұмысы арнайы комиссия тарапынан жүргізілетін болса, тексеру жүргізу туралы шешім комиссияға хабарланады. Тексеру жұмысы бекітілген күннен бастап ең кемі он бес күн ішінде аяқталуы тиіс.

Тексеру жұмыстары осы уақыт ішінде аяқталмаған жағдайда, тексеру комиссиясы қосымша уақыт берілуі жөнінде сұраныс жасайды. Тексеру жүргізуге бұйрық берген басшы, егер жөн деп тапқан жағдайда тексеру жүргізу мерзімін бекітілген күннен бастап ең көп дегенде 15 күнге ұзарта алады.

14-Бап. Тексеру жұмысының жүргізілуі.

Тексеруші куәгер(лер)ді тыңдайды, қажет жағдайда одан түсінік ала алады. Тексеру жұмысы хаттамамен анықталады. Хаттамаға, тексерудің қай жерде және қашан жүргізілгендігі, мән-жайы, кімдердің қатысқандығы, айтылған сұрақ-жауаптар жазылады. Хаттамаға тексеру жүргізген комиссия және жауапты тұлғалар тарапынан қол қойылады. Түсініктемелерде куәгердің жеке басына тән мәліметтер, мекен-жайы және т.б мәліметтер көрсетіледі.

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің қызметкерлері тексерушілердің талап еткен керекті анықтамаларын, құжаттарын, іс-қағаздарын кешіктірмей беруге және қажетті көмек көрсетуге тиісті.

15-Бап. Студенттің өз құқығын қорғауы

Студенттен соңғы рет жазбаша түрде өзінің құқығын қорғауға қатысты түсініктеме алынбастан тәртіптік шара қолданылмайды. Тексеру жұмысының есебін қабылдайтын тәртіптік шара қолдануға құқылы орындар немесе кеңестер тиісті студенттен өзінің құқығын қорғауына қатысты жазбаша түрде түсініктемесін талап етеді. Осы мақсатта тиісті студентке жіберілетін хатта өзі туралы тексеру жұмысының жүргізілуіне себеп болған жағдай көрсетіледі. Куәгердің түсініктемелері, алынған басқа да дәлелдер қысқаша түрде жазылып, тәртіп бұзған студентке кем дегенде үш күн өзінің құқығын жазбаша түрде қорғауына уақыт беріледі. Белгіленген уақыт ішінде өз құқығын қорғамағандар, өз құқығын қорғаудан бас тартқан болып саналады.

16-бап. Тексеру жұмысының есебі

Тәртіптік тексеру жұмысы төмендегідей жүргізіледі:
Тексеру жұмысы аяқталғанда тиісті есеп дайындалады. Бұл есепте тексерудің бекітілуі, тексерудің басталу уақыты, тексерілетін адамның жеке мәліметтері, тәртіп бұзушылық әрекеттері, тексерудің кезендері, дәлелдері және студенттің өзін қорғау жағдайы жазылады. Әрбір тәртіп бұзушылық әрекеті жеке-жеке қаралып дәлелдер бойынша тәртіп бұзушылық әрекеттің анықталып-анықталмағандығы талқыланады және қолданылатын тәртіптік шара ұсынылады. Егер құжаттардың түпнұсқасы немесе көшірмелері бар болса бір папкаға тігіліп,

Ж.

1

2

3

4

5

6

7

8

тексеру есебіне қосымша тіркеледі. Тексеру есебі, тәртіптік шара қолдануға құқылы орындарға (басшыларға) немесе кеңестерге жазбаша түрде беріледі. Басшы немесе кеңест ең көп дегенде үш күн ішінде жиналып, қажетті шешім шығарады.

17-Бап. Тәртіптік комиссияның отырысы

Тәртіптік комиссияның отырысы төрағаның шақыруы бойынша белгіленген жерде, белгілі уақытта өткізіледі.

18-Бап. Комиссия жұмыстарының жүргізілуі

Осы регламенттің тиісті баптарына сәйкес студенттің өз құқығын қорғауын сұратуын, отырыстың күн тәртібінің құрылуын, қатысты кісілерге хабарлануын комиссия төрағасы қадағалайды.

19-Бап. Отырыстың кворумы

Тәртіптік комиссияның отырысын өткізу үшін комиссия мүшелерінің жартысынан астамы қатысуы керек.

20-Бап. Хатшы

Комиссия хатшысын комиссия төрағасы тағайындайды. Ол, ұсынатын құжаттардың қаралуын ең кеш екі күн ішінде аяқтайды және дайындаған есебін төрағаға ұсынады.

21-Бап. Тәртіптік шара қолдануға құқылы (күзіретті) басшылар және кеңестер

Ескерту, сөгіс және қатаң сөгіс сияқты әкімшілік жазалар тиісті декандар, директорлар тарапынан беріледі, ал университеттен шығару жазасы арнайы құрылған тәртіптік кеңестердің жазбаша ұсынысы бойынша ұжым басшысы (президент) және I-Вице президент тарапынан беріледі.

22-Бап. Дауысқа салу

Тәртіптік комиссиясында әрбір комиссия мүшесі дауыс беруге немесе қарсы дауыс беруге құқылы. Дауыс беруде қалыс қалуға болмайды. Шешім көпшілік дауыспен қабылданады. Жиналысқа қатысқандар тең дауыс берген жағдайда университет президенті немесе I Вице-президент өз құқығын пайдалана отырып шешеді.

23-Бап. Шешім

Тәртіптік жаза беруге құқылы басшы немесе тәртіптік кеңес тексеру комиссиясының есебінде көрсетілген жазаны беріп бермеуде еркін, себептері мен дәлелдерін тіркеп көрсету шартымен басқа да тәртіптік жаза бере алады.

24-Бап. Шешім қабылдау мерзімі

Тәртіптік жаза беруге құқылы басшы немесе тәртіптік кеңес ескерту, сөгіс немесе қатаң сөгіс жазаларын тексеру біткеннен кейін ең кеш он күн ішінде тиісті шешім қабылдау керек. Басқа тәртіптік жазалар үшін құжаттар тәртіптік комиссияға жіберіледі. Тәртіптік комиссия құжаттарды алғаннан күннен бастап ең кеш он күн ішінде шешім қабылдауға міндетті.


25-Бап. Тәртіптік шаралар қолданған жағдайда назар аударылатын мәселелер

а) Тәртіптік шара қолдануға құқылы басшылар мен тәртіптік кеңестер бұл шаралардың берілуін мақұлдай отырып, тәртіп бұзушылықтың ауырлығын, тәртіп бұзушылыққа себеп болған әрекеттерге, қандай мақсатпен жасағанына, бұдан бұрын тәртіп жазасын алған алмағандығына, мінез құлқына, ниетіне, жасаған әрекетіне өкініп өкінбеуіне назар аударады.

ә) Топтасып жасалған тәртіп бұзушылықтың себебі анықталмаған жағдайда, топтың құрамындағы әрбір студентке жеке-жеке тиісті шара қолданылады.

91

5



IV - БӨЛІМ

ТӘРТІПТІК ШАРА ҚОЛДАНУДЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӘНЕ НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРУ

26-Бап. Тәртіптік шаралардың хабарлануы

Жүргізілген тексеру нәтижесінде қолданылатын шара, тексеру жүргізуге құқылы басшы тарапынан:

- а) тексеру жүргізілген студентке;
- ә) студенттің ата-анасына, олар жоқ болса, заңды өкілдеріне;
- б) тиісті мекемелерге хабарланады.

Қолданылған тәртіп шаралары қажет болған жағдайда тиісті жоғары оқу орнында немесе оның құрамындағы құрылымдарға хабарландыру арқылы көпшілікке жарияланады.

27-Бап. Жүзеге асыру

Берілген тәртіптік жазаның күні көрсетілмеген жағдайда, тәртіптік жаза берілген күннен бастап жүзеге асады.

28-Бап. Наразылық білдіру және мерзімі

Тәртіптік шара қолдануға құқылы басшылар (құзырлы орындар) тарапынан берілген ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс шараларына немесе тәртіп сақтау кеңестерінің шешімдеріне қарсы 3 (үш) күн ішінде университеттің басқару кеңесіне наразылық білдіруге құқылы. Университеттің басқару кеңесі, тәртіп сақтау кеңестері тарапынан қабылданған шешімді талқылай отырып, осы шешім бойынша қолданылатын тәртіптік шараны сол күйінде қабылдайды немесе қабылдамайды. Университеттің басқару кеңесінің жоғары тәртіп сақтау кеңесі ретінде қабылдаған шешімі соңғы шешім болып табылады. Оқудан шығарылған Түркия және түркі дүниесі мен туыстас қауымдастықтардан келген студенттер қайтадан оқуға қабылданбайды.

29-Бап. Қолданылатын тәртіптік шараның белгіленген уақыттан кешігуі

Бұл ережеде көрсетілген тәртіп бұзушылық әрекеттерін тексеруге жауапты қызметкерлер тексеру бастаған күннен бастап 1 ай ішінде тәртіптік шара қолдануы, бұйрықпен таныстырылуы тиіс. Белгіленген мерзімнен кешіктірілсе тәртіптік жаза қолданылуы заңсыз болып есептеледі.

V - БӨЛІМ

ӘРТҮРЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

30-Бап. Хабарлау және мекен-жайды білдіру

Тәртіптік тексеруге байланысты әр түрлі хабарландыру студентке университетте қол қойдыру арқылы берілуі мүмкін. Студенттің болмаған жағдайда:

- а) Тексеру мәліметтері студенттің жоғары оқу орнында тіркелген кезде білдірген мекен-жайына жазбаша түрде хабарланады.
- ә) Студенттің алған тәртіптік жазасы туралы университет ішінде хабарландыру тақталарына ілінген жағдайда студентке хабарландыру жасалған деп есептеледі. .

31-Бап. Іс-қағаздардың тапсырылуы

Тексеруге қатысты іс-құжаттар, тізімімен бірге тапсырылады және қабылданады. Тізімге тапсырған және қабылдап алған кісілер қол қояды.

32-Бап Тиым салыну

Тексерудің әр кезеңінде құпиялық сақталады. Құпия сақтамағандарға қатысты әкімшілік шарамен қатар «Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің басшы,

профессор-оқытушы және қызметкерлердің тәртіп сақтау регламентінің» тиісті баптары қолданылады.

33-Бап. Күшіне ену

Осы регламент Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенаты тарапынан қабылданып, Өкілетті Кеңестің мәжілісінде бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

34-Бап. Жүзеге асыру

Осы регламент, А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Президенті және І. Вице-президенті (Ректор өкілі) тарапынан жүзеге асырылады.